За свои спортивные достижения Евгению Михайловичу Колокольникову, первому Казахстанцу, в 1941 году присвоено звание - Мастер спорта СССР³.

Геодезист и художник по образованию, Колокольниковым проводилась и педагогическая и воспитательная работа. За все время работы Евгением Михайловичем были подготовлены 700 спортсменов, обладателей знаков «Альпинист СССР» и свыше 20 инструкторов⁴.

В годы Великой Отечественной войны Евгений Колокольников сражался в составе легендарной 8-й Гвардейской Панфиловской дивизии, участвовал в обороне Москвы. Сначала – в разведроте 316 дивизии под командованием генерала И. Панфилова, затем - помощником командира взвода разведчиков. Скалолазы и горвосходители были необходимы фронту, особенно летом 1942 года, когда началась битва за Кавказ. Для закрепления практических навыков курсантами Евгением Михайловичем разрабатывается «Памятка бойца-лыжника»⁵, ставшая учебным пособием в тактике ведения военных действий в горных условиях для бойцов и сержантов лыжных подразделений на Кавказе, затем, в 1944 году для солдат чехословацкого корпуса Людвиг Свободы на Карпатах. Памятка включала все аспекты от снаряжения бойца и техники ходьбы до ведения боя на лыжах⁶.



С генералом Панфиловым (Ф.383, оп.1, д.38, л.3)

В 1954 году Евгений Михайлович вторым в Казахстане удостоен звания «Заслуженный мастер спорта». Был членом президиума Федерации альпинизма КазССР и СССР, а затем в течение 28 лет был ее председателем. Его имя занесено в книгу Географического общества Великобритании. Он обладатель почетного знака Ассоциации гималайских шерпов, который вручил ему знаменитый «тигр снегов», первый покоритель Эвереста Норгей Тенсинг, посетивший нашу страну в 1963 году⁷.



*С Норгеем Тенсингом на Чимбулаке, 1963 год
(Ф.383, Оп.1, д.111, л.1)*

Но на всем постсоветском пространстве имя Колокольникова известно как автора лучшего эскиза нового комплекса из 5 степеней «Готов к труду и обороне СССР», принятого к производству в марте 1972 года.



Следующая грань его таланта – таланта художника, проявилась еще в 30-х годах. Так, в фонде Евгения Михайловича сохранился эскиз афиши к фильму «Встречный», датированный 1935 годом. А затем - в эскизах, картинах и зарисовках времен войны, после войны - в картинах, этюдах, посвященных родным местам – горам, ущельям, родникам.



Письмо из дома



Парк Федерации



*Афиша к к/ф
«Встречный»*

В фонд личного происхождения художника живописца, скульптора, ландшафтного дизайнера члена Союза художников СССР и Республики Казахстан Абуова Турсына вошли семь картин в оригинале «Кобыз Каламбаева», (1977 г.) , «Ловля лошади», (1978 г.), «Все для фронта» (1990 г.), «Воспоминания о детстве» (1994 г.), «Абай» (1994), «Жнецы» (1996 г.), «Аул» (2007 г.) и катлог картин, буклеты, афишы.⁸

В состав фонда личного происхождения фондообразователя актера, режиссера театра и кино Ашимова Асанали Ашимовича вошли Государственные награды, медали и ордена, памятные подарки, афишы личные вещи, Ашимова А.А.⁹

Личный фонд художника кино, художника-постановщика киностудии «Казахфильм», члена Союза художников кинематографистов СССР, заслуженного деятеля искусств Казахской ССР Вайнштока Юды Менделеевича богат 7-мью эскизами к фильмам «Если бы каждый из нас» (бумага, акварель 1961 г.), «Сказ о матери» (бумага, тушь, кисть 1963 г.), «Чинара на скале» (бумага, уголь 1965 г.), «Горизонты» (1975 г.), «Тишина» (1981 г.). В составе фонда имеются и рукописи - дневниковые записи о работе над кинокартиной «Чинара на скале», блокноты с рисунками, набросками, рабочими и дневниковыми записями.¹⁰

В фонд личного происхождения скульптора, члена Союза художников СССР и Казахстана Павла Ивановича Шорохова вошли буклеты с каталогом работ скульптора (станковые, парковые, монументальные скульптуры).¹¹

В объединенном семейном архивном фонде (Ф. 340) собраны документы, фотографии и картины члена Союза художников Казахской ССР, заслуженного деятеля искусств Казахской ССР, народного художника Казахстана Исмаиловой Гульфайруз Мансуровны, ее супруга Сидоркина Евгения Матвеевича - художника-графика, народного художника Казахской ССР и сына Сидоркина Вадима Евгеньевича известного казахстанского художника-искусствоведа.¹²

Создание такого фонда позволило Государственному архиву аккумулировать не только историю творчества семьи, но и их повседневной жизни, отраженной в семейных фотографиях.

И если в Казахстане каждый знаком с именем и творчеством Гульфайруз. Исмаиловой, то имя Евгения Матвеевича Сидоркина известно далеко за его пределами. Его работы выставлены в [Третьяковской галерее](#), [Музее изобразительных искусств им. Пушкина](#), [Музее искусства народов Востока \(Москва\)](#), в Русском музее (Санкт-Петербург), в Национальных галереях [Варшавы](#), [Гаваны](#), [Лейпцига](#), [Багдада](#), [Скопле](#) и др.

В выставочном зале архива размещен личный кабинет певицы, исполнительницы фольклорных композиций, заслуженной артистки Казахской ССР Ералиевой Мадина Есмалаевны. Здесь можно ознакомиться с жизнью и бытом певицы. Сувениры и различные ценные вещи и подарки свидетельствуют о городах и странах, в которых она побывала. Ценность кабинета заключается в полноте и подлинности интерьера комнаты где она жила.¹³

В заключение хотелось бы отметить, что документы личного происхождения представляют собой одну из важнейших групп исторических источников и являются неотъемлемой частью историко-культурного наследия народа. Они несут в себе уникальную ретроспективную информацию, преломленную через призму личностного восприятия. Их значение особенно велико для изучения истории науки, литературы и искусства, т.е. тех сторон человеческой деятельности и исторического процесса, где на первый план выступает индивидуальное творчество. Особенностью документов личного происхождения является необыкновенное разнообразие и многоаспектность их содержания.

Литература и источники:

1. ГА г. Алматы, Ф. 546, оп.1.
2. ГА г. Алматы, Ф.383, оп.1, д. 41, л. 24
3. ГА г. Алматы, Ф.383, оп.1, д. 23, л. 21.
4. ГА г. Алматы, Ф.383, оп.1, д. 22, л. 6
5. ГА г. Алматы, Ф.383, оп.1, д. 38, л. 3
6. ГА г. Алматы Ф.383, оп.1, д. 18, лл.1-14
7. ГА г. Алматы Ф.383, оп.1, д. 23, л. 40; д. 37, л.1.
8. ГА г. Алматы, Ф. 622, оп. 1.
9. ГА г. Алматы, Ф. 438, оп. 1.
10. ГА г. Алматы, Ф. 368, оп. 1.
11. ГА г. Алматы, Ф. 378, оп. 1.
12. ГА г. Алматы, Ф. 340, оп. 1.
13. ГА г. Алматы, Ф. 384, оп. 1.



Ермекова Айдана

Әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университеті
«Тарих» факультетінің
магистранты

ҚАЗАҚСТАН АРХИВТЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРЫНА ТАЛДАУ

Аннотация

Берілген мақалада қазіргі Қазақстан қоғамындағы архивтердің ақпараттық ресурстарының рөлі қарастырылады. Оның проблемаларын шешуде зерттеу жұмыстарын жүргізген Зайцева А.Г., Маевский Г.С. сияқты авторлардың еңбектеріне жүгінуге болады. Аталмыш мәселені зерттеудегі материалдардың басым көпшілігі ғылыми мақалалар болып табылады. Қазақстан Республикасының Президентінің Архивінің сайтында жарияланған аталмыш мекеменің 2035 жылға арналған тұжырымдамасы арқылы Қазақстандағы ақпараттық ресурстардың қазіргі және келешектегі ахуалына талдау жасалынады. Қазақстандағы цифрлық деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеу үшін big-data, жасанды интеллект және 5G технологиялары негізінде басқару құралдарын әзірлеу жұмыстарына шолу көрсетілді.

Мақаланың қорытынды бөлімінде, архивтік ақпараттық ресурстардың архив материалдарының қоғамға таралуында атқаратын рөлінің жағымды жақтары және кейбір проблемаларды шешуде ақпараттық ресурстар арқылы келетін ұсыныстар талданады. Қазақстандағы архивтік ақпараттық ресурстардың маңыздылығы тұжырымдалады.

Түйін сөздер: архивтік ақпараттық ресурстар, интернет көрмелер, архивтік сайттар, электронды архивтер, архивтерге қолжетімділік.

АНАЛИЗ ИНФОРМАЦИОННЫХ РЕСУРСОВ АРХИВОВ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В данной статье рассматривается роль информационных ресурсов архивов в современном казахстанском обществе. В решении ее проблем можно обратиться к трудам таких авторов, как Зайцева А., Маевский Г.С., которые проводили исследования. Подавляющее большинство материалов по изучению данной проблемы являются научными статьями. Посредством концепции данного учреждения на 2035 год, опубликованной на сайте архива Президента РК, будет проведен анализ текущей и перспективной ситуации с информационными ресурсами в Казахстане. Для работы с большими объемами цифровых данных в Казахстане будет проведен обзор работ по разработке инструментов управления на основе технологий big-data, искусственного интеллекта и 5G.

В заключительной части статьи анализируются положительные стороны роли архивных информационных ресурсов в распространении архивных материалов в общество и предложения, поступающие через информационные ресурсы в решении некоторых проблем. Сформулирована важность архивных информационных ресурсов в Казахстане.

Ключевые слова: архивные информационные ресурсы, интернет выставки, архивные сайты, электронные архивы, доступ к архивам.

ANALYSIS OF INFORMATION RESOURCES OF THE ARCHIVES OF KAZAKHSTAN

Abstract

This article discusses the role of information resources of Archives in modern Kazakhstan society. One can refer to the works of such authors as Zaitseva A. G., Maevsky G. S., who carried out research work on solving its problems. The vast majority of materials in the study of this issue are scientific articles. The concept of this institution for 2035, published on the website of the archive of the president of the Republic of Kazakhstan, analyzes the current and future state of information resources in Kazakhstan. A review of the work on the development of control tools based on big-data, Artificial Intelligence and 5G technologies to work with large amounts of digital data in Kazakhstan will be held.

In the final part of the article, the positive aspects of the role that archival information resources play in the dissemination of archival materials to society and the recommendations that come through information resources in solving some problems are analyzed. The importance of archival information resources in Kazakhstan is formulated.

Keywords: archival information resources, internet exhibitions, archival sites, electronic archives, access to archives.

Кіріспе

Архивтік ақпараттық ресурстар түсінігі цифрландырылған қоғамдағы өзекті мәселелердің қатарында әр уақытта болуы керек. Ақпараттық ресурстар электрондық негізде сақталатын және өңделетін құжаттардың, дереккөздерінің және материалдардың жиынтығы¹. Олардың көмегімен архивтік құжаттардың электрондық нұсқаларын, сондай-ақ архивтік түрлі үрдістер (есепке алу, сақталуын қамтамасыз ету, цифрландыру, т.б) мен қызметке қатысты өзге де электронды материалдарды ұсынады. Ақпараттық ресурстар мәтіндік үлгіде, кескін кейпінде, кесте сияқты түрлі пішімдерде жасалады.

Ақпараттық ресурстардың негізгі сипаттамалары ретінде олардың электрондық нысаны мен электрондық құрылғылар, электрондық жүйелерде өңделу және сақталу мүмкіндігі қарастырылады. Архивтік ақпараттық ресурстардың көмегімен архивтік материалдарға деген қолжетімділік деңгейі артып, оларды өңдеу мен басқару жеңілдей түседі. Сондай-ақ, құнды мәліметтерді электронды форматта сақтауға және жариялауға мүмкіндік туғызады, одан соң архивтік материалдардың қауіпсіз түрде сақталуы мен ұзақ уақыт бойы қолжетімді болуына жағдай жасайды.

Электрондық құжаттарда көрсетілген ақпараттарды тануда адамның қатысуынсыз деректерді электронды түрде алмасу үшін барлық құжаттарды нысандандырылған түрде, яғни электрондық құжат айналымы жүйесіндегі бағдарламалық құралдар қолдана алатын жаңаша форматта құрастыру қажет. Электрондық құжат оған метадеректер мен электрондық цифрлық қолтаңба файлдары қосылған кезде ғана заңдық күшіне енетіндегі белгілі. Электрондық құжат айналымында құжаттаманы басқару кезеңінде электрондық құжаттар негізінде пайда болатын ақпараттық ресурстар құрылуы мүмкін. Ақпараттық ресурстар келесідегідей болуы мүмкін:

¹ Юмашева Ю.Ю Тематические архивные базы данных и информационные ресурсы // ВЕСТН. МОСК. УН-ТА. – 2016. – N 4. – Б. 107-120

- электронды кадастрлар;
- регистрлер;
- тізілімдер;
- деректер базасы мен банкі;
- интернет-басылымдар және т. б.

Архивтік ақпараттық ресурстың басты мақсаты² – архивтік материалдардың жарияланымдығын арттыру және ақпараттық ресурстар арқылы қолжетімділік деңгейін жоғарылату. Сонымен қатар, архивтердің ақпараттық ресурстарын басқару білім беру орталықтарында да басқару қызметін жүйелеуді жүзеге асыруға, ақпаратты басқару мен жұмыс тиімділігі сапасын жаңартуға жағдай жасайды.

Архивтік ақпараттық ресурстың маңызды үш тұсын атап көрсетсе болады: архивтік ақпараттық ресурстардың құндылығы, әлеуметтік ақпараттық құрылымның сұраныстарының дамуы, ақпараттық жүйенің бірқалыпты жылжуы.

Архивтік ақпараттық ресурстардың қолжетімділігінің артуы елімізде ғылымның дамуында да айтарлықтай рөл ойнайтындығы сөзсіз. Қазіргі ақпараттық технологиялар заманы да осыны қажет етеді. Цифрлық технологиялар әлдеқайда дамып үлгерген АҚШ, Оңтүстік Корея сынды елдерде архивтік материалдарға ақпараттық ресурстар арқылы қолжетімділік мәселесінің өзектілігі қашан да маңызды саналады. Интернет-сайттарының ықпалымен көптеген тарихи материалдарға электрондық архивтердің көмегімен қашықтықтан қолжетімді болуының өзі көп затты түсіндіреді.

Қазақстан Республикасында да архивтік ақпараттық ресурстар жағдайы қарастырылып жатыр. Соның ішінде, Қазақстан Республикасы Президентінің архивінің 2035 жылға арналған жоспар-тұжырымдамасына³ сәйкес цифрлық мәліметтердің үлкен көлемімен қызмет атқару жолында big-data, 5G технологиялары және жасанды интеллект негізінде басқару құрал-жабдықтарын дайындау жұмыстары іске асырылуда. Дегенмен, алдағы уақытта ақпараттық технологиялардың көмегімен бұлардың қазақ және орыс, ағылшын тілдерінде де қолдануға болатындай функциялары енгізілмек.

² Rong Zhaoyan. Research on the Mode of Information Resource Sharing in Colleges Archives Management // 2019 International Conference on Math and Engineering. – 2019. P. 586-589

³ «ҚР Президенті Архивінің 2035 жылға дейінгі тұжырымдамасы» (Электрондық ресурс] – 2022. – URL: <https://archive.president.kz/archive/t-zhyrymdama/>

Зерттеудің мақсаты: Архивтік ақпараттық ресурстар цифрлық технологиялардың көмегімен тарихи материалдардың тұтынушыларға қолжетімділік деңгейін арттыруға көмектеседі.

Зерттеу міндеттері:

1. Архивтік ақпараттық ресурстардың негізгі түрлері және олардың қолданылу алғышарттары;
2. Тарихи материалдарының тұтастай қолжетімді болмауының себептері;
3. Архивтік ақпараттық ресурстар арқылы тарихи деректердің қолжетімділік деңгейін арттыру.

Зерттеу материалдары мен әдістері: салыстырмалы талдау, зерттеліп отырған мәселенің себеп-салдарын талдау әдісі, зерттеу әдісі.

Нәтижелер мен талқылау:

Архивтік ақпараттық ресурстардың тапшылығын арттырған басты проблема «тарихи материалдарды пайдалануға» деген қолжетімділіктің мүлдем төмен деңгейді болуы болды. Қазіргі таңда мұндай проблеманы интернет-сайттар, мекемелердің электрондық архивтері, интернет-көрмелер арқылы шешу мүмкіншілігі туындап отыр. Олардың әр түрі жеке-жеке қарастырылатын болады.

ISO 22310 стандарты⁴ бойынша архивтік материалдардан электронды деректер базасын құрастырып, олардан үлкен ақпараттық ресурстың бір көзін жасап, қолжетімділік деңгейін одан сайын ұлғайтуға болады. Архивтік құжаттарды ақпараттандырудың өзіндік талаптары мен ережелері осы стандарт бойынша тағайындалуы шарт. Архивтік электрондық ресурстар негізінен алғанда түрлі форматтар мен типтер арқылы ұсынылады. Олардың негізгі түрлеріне талдау жүргізілді:

Электрондық мәліметтер базасы белгілі бір талаптарға сай жүзеге асырылуы мүмкін ақпараттардың құрылымдық жиынтығы. Мұндай архивтік ақпараттық ресурс арқылы материалдар мен деректерге тиімді жолмен қол жеткізуге және оларды өңдеуге болады. Архивтарда электрондық деректер базасында құжаттар, архивтік қорлар, анықтамалық каталогтар және өзге архивтік қолжеткізгіштер туралы ақпараттар қарастырылады.

Электрондық архив құжаттары графикалық, аудио, бейне түріндегі түрлі цифрлық қолжеткізгіштердің көмегімен қолданылатын ақпараттық ресурс түрі. Олар электрондық

⁴ ISO 22310: 2006 Information and documentation — Guidelines for standards drafters records management requirements in standards

архивтердің сайттары арқылы қолжетімді бола алады. Бірақ, мұндай сайттар әрқашан ашық қолжетімділікте бола бермейтіндігі үлкен мәселе болып саналады. Дей тұрғанмен, көптеген мемлекеттік архивтердің электрондық архив сайттары адамдарға ашық форматта дайындалады.

Электрондық архив жүйелері – архивтік деректер мен материалдарды басқару жолында арнайы даярларған бағдарламалық жүйелер жиынтығы. Мұндай архивтік ақпараттық ресурс көмегімен электрондық жеткізгіштегі құжаттар мен өзге де архивтік ресурстарды қалыптастыруға, сенімді түрде сақтауға, өңдеуге және оларға деген қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіншілік артады. Сонымен қатар, аталмыш жүйелер архивтік деректерді тиімді түрде басқаруды, оларды пайдалану қызметтерін автоматтандыруды қамтамасыз етеді және ұзақ уақыт бойы архивтік материалдардың сақталуын және ашық деңгейде қолжетімді болуына жағдай жасайды⁵.

Жоғарыда көрсетілгендей, архивтік ақпараттық ресурстардың түрлі функциялары еліміз үшін мәдени жағынан да, тарихи жағынан да маңызды дереккөздердің келешек ұрпаққа сапалы түрде жетуіндегі олардың рөлін анық байқаса болады.

Ақпараттық ресурстардың тарихи құжаттардың қолжетімділігін арттыру арқылы төмендегідей проблемаларды шешеді:

1. Қашықтықта отырып тарихи, архивтік материалдарға ие болу;
2. Зерттеушілер үшін уақыт тапшылығын үнемдеу;
3. Архивтік интернет-көрмелер арқылы олардың құндылығын жастарға дәріптеу;
4. Архив құжаттардың мәдени маңыздылығын ғаламтор желілерінде таныту, т.б.

Қоғамның тарихи мұраларының мәдениеті мен өркениетін жеткізу мен сақтауда архивтік ақпараттық ресурстар маңызды рөл атқарады. Біздің елімізде Қазақстанның тарихы мен мәдениетін дәріптейтін құнды құжаттар, фотосуреттер, бейнежазбалар және тағы басқа тарихи дереккөздердің аз емес екендігі мәлім. Қазақстандағы архивтік ақпараттық ресурстарды талдау арқылы халықтың тарихи

⁵ Афанасьева Л.П. Электронные справочно-поисковые системы в государственных и муниципальных архивах: современное состояние и перспективы развития» // Круг идей: электронные ресурсы исторической информатики. Труды VIII конференции Ассоциации «История и компьютер» / Ред. Л.И. Бородкин и В.Н. Владимиров. М., 2003.

салт-дәстүрін, оқиғаларды барынша шынайы түрде сезінуге мүмкіндік аламыз. Мысалы, аудиоқұжаттар арқылы ондағы дыбысты сезіну бізге құжаттың мазмұнын тереңірек ұғынуға көмектеседі⁶. Міне, осы тұста ақпараттық ресурстар олардың қолжетімді түрде әрі сапалы таралуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, ғалымдар мен зерттеушілерге елдің тарихын зерттеуге, оның қазіргі қоғамға тигізер әсерін талдауға және болашақта да нық қадамдар жасауға үлес қосады.

Дей тұрғанмен, Қазақстандағы архивтік ақпараттық ресурстарға қол жеткізу әрқашан жеңіл бола бермейтінін айтып кету керек. Себебі, қазір еліміздегі көптеген архивтер баршаға бірдей ашық дейгейде емес, оларға кіру үшін арнайы бір рұқсатты қажет етіп жатады. Алайда, олардан бөлек қорларды зерттеуге және қолдануға мүмкіндік беретін ашық архивтер де бар.

Бұл тұжырымдама арқылы келесідегідей нәтижелерге жете аламыз:

1. Архивтік материалдарға қолжеткізудің тиімді жолы – ақпараттық ресурстар;
2. Ақпараттық технологиялар – ХХІ ғасыр адамзаты үшін үлкен жетістік, себебі, оның көмегімен архив саласынан өзге де сфералар дамудың шарықтау шегіне жетуде.

Қазіргі таңда отандық архивтер өздерінің веб-сайттарымен жұмыс жасап жатырғандығы қуантарлық жайт, ал жеке сайттардың болуы «прогрессивтіліктің белгісі» ретінде қарастырылады. Батыс елдерімен салыстырмалы талдау жасап қарасақ, олардың бірнеше архивтік сайттары архивтік элементтердің жиынтығы ретінде қызмет атқарады. Мысалы, Америка Құрама Штаттарындағы NARA-ны⁷ алып қарасақ, интернет-сайттары тұтынушылар үшін өте қолайлы жағдайда жасалған. Тіпті, зерттеушілер үшін де арнайы нұсқаулықтар және ISO стандарттарына негізделіп отырып жасалған ережелер де арнайы түрде бекітілген. Бұл ақпараттық ресурс арқылы американдықтардан бөлек, әлемнің түкпір-түкпіріндегі Американың тарихына қызығушы ғалымдар түрлі тарихи деректердің түпнұсқа құжаттарына қол жеткізе алады. Мұның қазіргі замандағы таптырмас мүмкіндік екенін аңғаруға болады. Әрине, олардың арасында жариялануға тыйым салынған «аса құпия құжаттар» арнайы рұқсатнамамен ғана қолжетімді бола алады, бұл елдің саяси болсын,

⁶ Зайцева А.Г. Проблемы организации работы с информационными ресурсы в архивах // Исторические науки. – 2012. N 6. – Б. 102-105

⁷ Информатизация архивного дела. (Электрондық ресурс]. – URL: <http://works.doklad.ru> (жүгінген күні: 28.11.23)

мәдени болсын қауіпсіздігі үшін жасалатын түсінікті себептер ретінде қарастырылады. Ал одан өзге, елді жаңа қырынан танытатын, тарихын әлемге жариялайтын архивтік құжаттарды барша әлемге қолжетімді ету – алға қарай қадам басу.

Бұдан кейін Ұлыбританияның архивтік ақпараттық ресурсының бір мысалы ретінде Public Record Office⁸ сайтын алып қарауға болады. Аталмыш сайт арқылы британдық тарихи құжаттар және тарихи тұлғалардың бас қосуынан архивтік суреттер, бейнежазбалар сынды дереккөздерге қолжеткізуге болады. Осындай қызықты дереккөздерге қашықтықтан қол жеткізу де ХХІ ғасыр үшін үлкен жетістік деп айтуға болады.

Қазақстан Республикасының архивтік ақпараттық ресурстарының бір үлгісі ретінде Қазақстан Республикасының Президенттік архивінің archive.president.kz⁹ веб-сайтын алып қарастыра аламыз. Мәселен, сайтқа кірген кезде «Қорлар» бөлімі арқылы Қазақстан Республикасының ПА-дегі архивтік тарихи құжаттарға қол жеткізуге болады. Олардың өзін де төрт бөлімге бөліп қарастырған:

1. Электрондық каталогтар;
2. Қорлар бойынша жөнсілтер;
3. Аса құнды құжаттар;
4. Кітапхана және ААҚ

Қазақстан Республикасының Президент архивінің 2035 жылға арналған тұжырымдама-жоспарында да ақпараттық ресурстардың архив құндылықтарын, тарихты, мәдениет пен өркениетті дамытудағы рөлі қарастырылады. Мұның өзінен, біздің елімізде ақпараттық ресурстардың орнының елеулі екенін аңғаруға болады.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының электронды нақты ақпараттық ресурстары тұрақты мемлекеттік сақтау үшін келесі көрсеткіштер негізінде таңдалады:

- 1) осы ерекше ақпараттық ресурсты толымдаудың толықтығы, яғни осы ақпараттық ресурстың құрамындағы ақпараттың объектілер мен құбылыстардың осы тобы бойынша Қазақстан Республикасындағы ақпараттың жалпы санына қатынасы;
- 2) ақпараттың нақтылығы;

⁸ Юмашева Ю.Ю. Документные ресурсы зарубежных архивов в сети. – 2018. – № 2. – С. 75-77

⁹ ҚР ПА ресми сайты. - <https://archive.president.kz/funds/>

3) ақпаратты жинау жүйесімен анықталған ақпараттық ресурстардың бірегейлігі;

4) ақпараттық ресурстың әлеуметтік маңызы;

5) интернет-басылымдар, желілік басылымдар үшін қосымша өлшемдер қолданылады – саяси бейтараптық, тарихи-мәдени, экономикалық, ғылыми маңыздылығы.

Қорытындылай келе, жаңа ақпараттық және цифрлық технологиялар арқылы көне заманнан бергі келе жатырған архивтік тарихи маңызы бар құжаттарды бізден кейінгі ұрпақтарға дәріптеуде «ақпараттық ресурстардың» қашан да өзекті болатынын дәлелденген факт деп айта аламыз. Себебі, қазір алпауыт мемлекеттердің осы заманауи технология құрылғылармен дамып отырғандығы белгілі, шет мемлекеттермен салыстырмалы әдіс жасау арқылы олардың тәжірибелері сүйену бұл тұрғыда орынды саналады. Архивтік ақпараттық ресурстарды дамытудың, олармен жұмыс жасаудың маңыздылығы цифрлық технологиялар арқылы көрінеді. Ақпараттық технологиялардың көмегімен түрлі сайттар, интернет-көрмелер ұйымдастыруға болатындығына көз жеткіздік. Елімізде осы саладағы IT Архивші мамандардың да дайындалып жатырғандығын бұл проблеманың шешімі деп айта аламыз. Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде ғана дәл осы мамандардың білім алып жатырғандығын да мысал ретінде көрсетуге болады. Архивтік ақпараттық ресурстардың қолданылуына да білікті мамандардың қажет екендігі тұжырымдалады. Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасы бойынша да электрондық ақпараттық ресурстар, ақпараттық жүйелер, ақпараттық жұмыстар мен электрондық қызметтер көрсету ақпараттандыру объектілері болып табылатындығын ескеру қажет.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Юмашева Ю.Ю. Тематические архивные базы данных и информационные ресурсы // ВЕСТН. МОСК. УН-ТА. – 2016. – N 4. – Б. 107-120
2. Зайцева А.Г. Проблемы организации работы с информационными ресурсами в архивах // Исторические науки. – 2012. N 6. – Б. 102-105
3. Харченко О.А. Плюсы и минусы организации электронного архива / О.А. Харченко, А.Ф. Климова, Н.К. Купряшева // Отечественные архивы. – 2009. – № 6. – С. 48-51.
4. «Қазақстан Республикасының Президенті Архивінің 2035 жылға дейінгі тұжырымдамасы» (Электрондық ресурс] – 2022. – URL:

- <https://archive.president.kz/archive/t-zhyrymdama/> (жүгінген күні: 31.09.2023)
5. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы №401 Заңы. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы». - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401> (жүгінген күні: 31.09.2023)
 6. ISO 22310: 2006 Information and documentation — Guidelines for standards drafters records management requirements in standards. URL: <file:///C:/Users/%D0%90%D0%B4%D0%BC%D0%B8%D0%BD/Downloads/4293823168.pdf> (жүгінген күн: 31.09.2023)
 7. Афанасьева Л.П. Электронные справочно-поисковые системы в государственных и муниципальных архивах: современное состояние и перспективы развития» // Круг идей: электронные ресурсы исторической информатики. Труды VIII конференции Ассоциации «История и компьютер» / Ред. Л.И. Бородкин и В.Н. Владимиров. М., 2003.
 8. Рекомендации по созданию Интернет-выставок архивных документов / Н.В. Глищинская, И.В. Караваев. М., 2012. URL: http://archives.ru/documents/rekomend_internet-vystavka.shtml (жүгінген күн: 31.09.2023)
 9. Юмашева Ю.Ю. Архивы и историко-биографические исследования: краткий историографический обзор // Информационные ресурсы России. 2015. № 4.
 10. Юмашева Ю.Ю., Романова Е.А. и др. Изучение типологии и эволюции исторических форм архивной учетной документации и возможности их представления в электронной среде. Аналитический обзор. М., 2014.
 11. Rong Zhaoyan. Research on the Mode of Information Resource Sharing in Colleges Archives Management // 2019 International Conference on Math and Engineering. – 2019. P. 586-589



**Жаманкүл
Ақниет Есенғалиқызы**
Әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық университеті
«Тарих» факультетінің
1 курс магистранты

Ұлыбританиядағы архивтерді цифрландыру үдерісі

Аңдатпа: Ұлыбританиядағы архивтерді цифрландыруды зерттеген зерттеушілер көп болмаса да, жетерлік. Зерттеуде Дж.Шеридан, Т.Балогун, Г.Е.Васильев, Г.А.Пискун еңбектері пайдаланылды. Зерттеудің мақсаты – Ұлыбританияда архивтерді цифрландыру барысында қолданылатын әдістер мен тәсілдердің мәнін ашу және оларды өз тәжірибемізде қолдануды ұсыну. Мақалада Ұлыбританиядағы архивтерді цифрландыруды жүзеге асыру барысында қолданылған әдістер, құрылғылар мен бағдарламалар, челлендждер қарастырылған. Мақаланың ғылыми жаңалығы – цифрландыру процесінде салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтарды қоса алып жүру, бағдарламаларды жүзеге асыру стратегиясы және Ұлыбританияда қолданылған жаңа технологиялар. Зерттеу жұмысының нәтижесінде Қазақстандағы архив ісін цифрландыру үшін цифрландырудың Ұлыбританиядағы моделі ұсынылды, Ұлыбританиядағы цифрландыру үдерісі туралы танымдық ақпарат берілді және талдау жасалды.

Түйін сөздер: архив, құжат, цифрландыру, Ұлыбритания, стратегия

Процесс цифровизации архивов Великобритании

Аннотация: Исследователей изучавших оцифровку архивов в Великобритании немало. В исследовании использованы работы А.А.Гуцалова, Дж. Шеридана, Т.Балогуна, Г.Е.Васильева, Г.А.Пискуна. Цель исследования - раскрыть сущность методов и подходов, используемых при оцифровке архивов в Великобритании, и предложить их применение на собственном опыте. В статье рассматриваются методы, устройства и программы, челленджи,

использованные при осуществлении оцифровки архивов в Великобритании. Научная новизна статьи - это сочетание традиций и национальных ценностей в процессе цифровизации, стратегии реализации программ и новых технологий, применяемых в Великобритании. В результате исследовательской работы была представлена британская модель оцифровки для оцифровки архивного дела в Казахстане, представлена познавательная информация о процессе оцифровки в Великобритании и проведен анализ.

Ключевые слова: архив, документ, цифровизация, Великобритания, стратегия

The process of digitization of archives in the UK

Abstract: The research uses the works of A. A. Gutsalov, J. Sheridan, T. Balogun, G. E. Vasiliev, G. A. Piskun. The purpose of the study is to reveal the essence of the methods and approaches used in the digitization of archives in the UK, and to propose their application on their own experience. The article discusses the methods, devices and programs, challenges used in the digitization of archives in the UK. The scientific novelty of the article is a combination of traditions and national values in the process of digitalization, the strategy of implementing programs and new technologies used in the UK. As a result of the research work, the British digitization model for digitizing archival business in Kazakhstan was presented, cognitive information about the digitization process in the UK was presented and an analysis was carried out.

Key words: archive, document, digitalization, United Kingdom, strategy

КІРІСПЕ.

XXI ғасыр – техниканың ғасыры. Қазіргі таңда заман өзгеріп, неше түрлі техникалардың пайда болуы мен әрдайым жетілдіріліп отыруы барлық салада автоматтандыру, яки жұмыс процесін техниканың қолына сеніп тапсыруға алып келіп отыр десек те болады. Солардың қатарында құжаттану саласы да автоматтандыруды талап ететін салалардың бірі.

Құжаттың адам, тіпті, мемлекет тағдыры үшін маңызын ескерер болсақ, құжаттардың сақталуы, тасымалдануы және олардың ақпараттық қауіпсіздігі, физикалық күйі әрқашан жоғары орынға қойылуы тиіс. Осы орайда, мен архивтерді цифрландырудың маңызын айтқым келеді. Себебі, архив құжаттары ең бірінші кезекте

шекарамызды қорғауда, тарихымызды танып білуде маңызды дүние, яки қару десек те қателеспейміз.

Архив құжаттарын сақтау мен оны автоматтандыру процесінде біз жиі шетелдік тәжірибелерге сүйенеміз. Мен соның ішінде, цифрландыру бойынша жоғары баға берілген, үлкен тәжірибеге ие, үлгі ретінде алып қарауға болатын Ұлыбритания мемлекетінің архивтерді цифрландырудағы тәжірибесі туралы сөз қозғағым келеді.

Материалдар мен әдістер.

Зерттеуді жазу кезінде шетелдік зерттеушілердің еңбектері негізге алынды. Гуцалов А.А. [1], Шеридан Дж. [2], Балогун Т. [3], Аргасински К.[4], Васильев Г.Е. [5], Пискун Г.А.[6], Джайлант Л. [8] секілді зерттеушілердің мақалалары мен Ұлыбританияның стратегиялық жоспары [7] басшылыққа алынды. Мақаланы жазу кезінде теориялық ғылыми зерттеу әдісі, соның ішінде талдау және жинақтау әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талдау.

Зерттеуде Ұлыбританиядағы цифрландыру үдерісіне талдау жасалды. Сонымен қатар, Ұлыбританиядағы цифрландыру үдерісі туралы танымдық ақпарат берілді. Нәтижесінде Қазақстандағы архив ісін цифрландыру үшін цифрландырудың Ұлыбританиядағы моделі ұсынылды.

Қазіргі таңда архивтерді цифрландыру процесінің озық үлгісі ретінде Ұлыбританиядағы архивтерді цифрландыру, яки архив құжаттарын электронды форматқа көшіру үрдісі көрсетіледі. Оның себебі осы мәселеде озық технологиялар мен жоғары деңгейдегі әдіс-тәсілдерді пайдалану, сонымен қатар Ұлыбританияда қабылданған стратегиялық жоспарлар мен бағдарламалар болып отыр. Оның нақты дәлелі 1996 жыл мен 2020 жылдар аралығында қабылданған заңдар десек қателеспейміз: Осы аралықта цифрландыруға байланысты 48 заң қабылданды. Оның 25-і 1996-2015 жылдар аралығында қабылданған заңдар болса, келесі 5 жыл ішінде 23 заң қабылданды. Олар 2017 жылғы Цифрлық экономика туралы, цифрлық радио және теледидар, халықтың сандық қабілеттерін дамыту жөніндегі бағдарламалады реттеу туралы заңдар болды. Бұл бағдарламаның ішіне бағдарламалық құжаттар, сандық стратегиялық музейлер, кітапхана және архивтік мекемелер де кірді¹⁰.

Бұл заңдар ғана емес, сонымен қатар, сандық архивтің өсуі мен дамуына орасан зор үлесін қосқан Ұлыбритания үкіметінің сайтында

¹⁰ Гуцалов А.А. «Опыт Великобритании в области цифровизации культуры», 6-бет.

көрсетілген «Ұлыбританияның цифрлық стратегиясы» бағдарламасы болды¹¹.

Ұлыбританияның сандық стратегиясы негізгі 7 бағыттан тұрды. Атап айтатын болсақ¹²:

Бірінші бағыт - «Цифрлық ұлттың физикалық негізі» болатын әлемдік деңгейдегі цифрлық инфраструктураны құру. Осы мақсатта сандық инфраструктураның дамуын жеделдету мен енгізу үшін 1 миллиард фунт стерлинг фунт қаржы бөлінді.

Екінші бағыт - сандық қабілеттерге баршаға бірдей қолжетімділік беру. Бұл үшін Ұлттық оқу бағдарламасына кодтау мен кибернетиканы үйрету бағдарламалары енгізіледі.

Үшінші бағыт - Ұлыбританияны сандық бизнес бастау мен дамытудағы үздік орынға айналдыру.

Төртінші бағыт - әрбір британдық бизнеске цифрлық кәсіп болуға көмектесу.

Бесінші бағыт - жоғары деңгейде қорғалған және қауіпсіз киберкеңістік құру.

Алтыншы бағыт - сандық үкімет құру.

Жетінші бағыт - қоғамға виртуалды экономикалық деректерді қолдануда сенім білдіру.

JISC бағдарламасы ғылым саласы мен мәдени мұраларды цифрлық форматқа көшіру мәселесі бойынша бірнеше жобаларды ұсынды. Олар 2004 жылдан бастап жүзеге аса бастады және бірнеше кезеңнен тұрды. Атап айтатын болсақ:

Алғашқы кезең, 2004-2007 жылдар аралығында цифрландырудың алғашқы 6 жобасы ұсынылды. Олар 1920-2007 жылдар аралығындағы Тәуелсіз теледидар жаңалықтарының видеоархиві, 1807-1937 жылдар аралығындағы демографиялық есеп, «Welcome Trust» медициналық жуналының архиві, 18 ғасырдағы парламенттік газеттер, Британ кітапханасының тарихи журналдар архиві мен аудиоархивтің бір бөлігін цифрландыру болды. Бұл жобаларға 10 миллион фунт стерлинг жұмсалды.

Екінші кезең, 2007-2009 жылдар аралығындағы кезеңде сандық жүйеге көшіру жобаларының саны 16 болды. Атап айтқанда, 19 ғасырдағы брошюралар коллекциясы, Ирландиядағы сандық кітапхана, Британ кітапханасының архивтік дыбысжазбалары, карикатуралардың Британ архиві, 1620-1900 жылдар аралығындағы

¹¹ Пискун Г.А. Государственные стратегии дигитализации медиасферы Великобритании: «Digital Britain»

¹² <https://www.nationalarchives.gov.uk/about/our-role/plans-policies-performance-and-projects/our-plans/archives-for-everyone/>

Британ газеттері, 1915-1977 жылдар арасындағы Ұлыбритания министрлер кабинетінің құжаттары, тәуелсіз радио хабар таратушы компаниялардың радио жаңалықтарының архиві, Шығыс-Лондон театрының архиві, Арктика мен Антарктиканың фотосуреттерінің архиві, Джон Джонсонның басылым коллекциясы, т.б. Бұл жобалардың жүзеге асуына 12 миллион фунт стерлинг қаржы бөлінді.

Үшінші кезең, 2008-2009 жылдары осы кезеңде 25 жоба жүзеге асырылды¹³ (англо-саксон кластері, яғни англо-саксон қоғамына қатысты ресурстар, Виктория Климбиердің 2000 жылғы кісі өлтіру куәгерлерінен жауап алу стенограммаларының мұрағаты, Виктория мәдениеті туралы суреттер, 1920-1965 жылдардағы ауылдық фотосуреттер, Шығыс Лондон, 11 Британдық ғимараттағы витраждардың суреттері, шығармашылық өнер университетінің кітапхана қызметі жинағы (Visual Arts Data Service, VADS), XVIII ньютонизм және ХХІ ғғ., Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Оксфорд поэзия университетінің мұрағаты, Этон Майерстің Ежелгі Египет өнерінің 3D жинағы, Оңтүстік Азияның тайпалық мәдениеттер мұрағаты Furer-Haimendorf, Солтүстік Ирландияның жоғарғы палатасының пікірсайыс материалдарының жинағы, патологияның суреттер жинағы, орта ғасырлардағы Манчестер сандық кітапханасы, Ұлыбритания мен Ирландия музыканттары 1900-1950 жж, ХІХ ғасыр жинағы. Бристоль университетінің ежелгі ғимараттары мен заттарының үлгілері, Дарем университетінің Судан мұрағаты, пластиктен жасалған дизайн мұражайы, Лидделл Харттың әскери мұрағаты, Корольдік Әскери-теңіз күштерінің коллекциялары, Таяу Шығыс қолжазбаларының жинағы және оның негізінде виртуалды қолжазбалар бөлімін құру (виртуалды қолжазба бөлмесі, VMR), Уэльс балладалары, цифрландыру, каталогтау және веб-презентация үшін техникалық базаны әзірлеу). Осы кезеңді жүзеге асыруға 1,8 млн. фунт стерлинг бөлінді¹⁴.

Төртінші кезең, 2008-2011 жылдары JISC-NEH халықаралық гранттық жобаларына қатысу (850 мың фунт стерлинг көлемінде қаржыландырумен 28 жобаны және 450 мың фунт стерлинг көлемінде 8 жобаны іске асыру)¹⁵.

Бесінші кезең, 2009-2011 жылдары жалпы қаржыландыру 1,5 млн. фунт стерлингті құрайтын 11 жобаны және 8 жобаны (600 мың

¹³ History [Electronic Resource] // Jisc. URL: <https://www.jisc.ac.uk/about/history>

¹⁴ Гуцалов А.А. «Опыт Великобритании в области цифровизации культуры», 11-бет.

¹⁵ Пискун Г.А. Государственные стратегии дигитализации медиасферы Великобритании: «Digital Britain»

фунт стерлинг) іске асыру¹⁶. Мұнда ең қызықты жоба - Британ тарихының құжаттарын (Connected Histories) қамтитын таратылған цифрлық ресурстардың кең ауқымы үшін біріктірілген іздеу жүйесін құру. Тарихи зерттеулер институтының осы жобасына қатысушы wohl кітапхана қорларының өзі-онлайн қолжетімділік үшін ашық әлемдегі ең ірі тарихи құжаттар қоймаларының бірі болып табылады.

Алтыншы кезең, 201-2013 жж жалпы бағдарлама үш негізгі бағыт бойынша 23 жобаны көздеді: оқыту мен оқу процесіне цифрлық контент құру және енгізу, жаппай цифрландыру, қолданыстағы цифрлық контенттің әртүрлі белгілері бойынша кластерлеу. Сонымен қатар, цифрлық деректерге қол жетімділікті құру мен қамтамасыз етудің инновациялық тәсілдеріне ерекше назар аударылады.

2000 жылы Солтүстік Ирландия кинематография комиссиясының цифрлық кино архивінің жобасы іске қосылды. Ол 1897 жылдан бастап Солтүстік Ирландияның кино мұрасына ашық онлайн қол жетімділікті қамтамасыз етті. Сонымен қатар, Солтүстік Ирландия кино архивінің жеке ұйымы жоқ және жоқ екенін атап өткен жөн. Осылайша, цифрлық "клондар", архивтер мен кітапханалардың қосарлары ғана емес, сонымен қатар жаңа цифрлық Архив алаңдары да құрыла бастады.

Ұлыбританиядағы Ұлттық архив - әлемдегі бірнеше толық жұмыс істейтін сандық архивтердің бірі¹⁷. Оның сандық жады деректердің үлкен көлемін сенімді түрде сақтай алады, ал іздеу және оған қол жеткізу discovery жобасы арқылы жүзеге асырылады, бұл жазбалар бұрыннан қалыптасқан каталог стандарттарын қолдана отырып сипатталған сандық каталог ретінде көрсетіледі. Дегенмен, бұл архив әлі де физикалық жазбалар үшін әзірленген архивтік тәжірибелердің бұрыннан қалыптасқан жинағын цифрлық түрде имитациялайтын "бірінші буын" сандық архиві болып отыр. Аталмыш архив екінші буын цифрлық архиві болу үшін, яғни инстинкт пен дизайн бойынша цифрлық архив болу үшін, қалыптасқан тәжірибені сәтті жою және бейімдеу жолдарын табу керек. Бұл тұрғыда біз Ұлыбританиядағы және одан тыс жерлердегі архивтермен бірге Цифрлық жазбаларды сақтау мен оларға қол жеткізудің өсіп келе жатқан қиындықтарына сәйкес келу үшін тәжірибені түбегейлі қайта қарастыру керек. Ол үшін біз жаңа Бухгалтерлік есеп және құжаттама

¹⁶ About the IHR Wohl [Electronic Resource] // Institute of Historical Research. URL: <https://www.history.ac.uk/library>

¹⁷ Sheridan J. The Challenge of the Digital and Future Archive: Through the Lens of The National Archives UK

тұжырымдамаларын құру және олармен өзара әрекеттесу үшін осы өзгермелі ортада зерттеу бағдарламасы алдыңғы қатарға қойылған.

Snapchat, Google Docs, нейрондық желілер, блокчейндер, хэштеу алгоритмдері, криптография және бұлт сияқты жаңа технологияларды пайдалану мұрағаттардың табиғатын терең өзгертті, ақпараттың қалай жасалатынын, жазылатынын, түсірілетінін, кодталатынын, өңделетінін, бөлісілетінін, қол жетімді болатынын және пайдаланылатынын бұзды. Бұл өзгерістер цифрлық қоғамдық жазбаларды қалай жақсы жазуға, сақтауға, контексттеуге және ұсынуға түбегейлі жаңа мүмкіндіктер мен тәсілдерді қажет етеді¹⁸. Сондықтан архившінің жаңа технологияларға қатынасы көп деңгейлі болуы керектігін ескере отырып, британдық әріптестер Цифрлық ландшафтты және қоғамның жаңа буын технологиялары аясында жазбаларды жасау және бөлісу тәсілінің өзгертін сипатын түсіну керек және осы өзгерістерге архивтік жауап беруде осы жаңа озық технологияларды қолдануға дайын болу қажеттігін ескертеді¹⁹.

Материалдарды сақтау тәсілі ретінде цифрландыру мәселесі ғалымдар мен зерттеушілер арасында кеңінен талқыланды, кейбіреулері бұл идеяны қолдайды, ал басқалары цифрландыру идеясын сақтау формасы ретінде қолдамайды.

2001 жылы Ұлыбританияның Ұлттық архиві архив қызметкерлеріне, кітапханаларға, мемлекеттік қызметкерлерге арналған цифрлық құжаттарды басқарудың алғашқы нұсқаулығын шығарды²⁰. Бұл нұсқаулық кейіннен орын алған көптеген толықтырулар мен редакцияларға қарамастан әлі де өзектілігін сақтайды. Ұлыбритания мен Ирландияның бірқатар агенттіктерінің ынтымақтастығы нәтижесінде 2002 жылы коммерциялық емес ұйым пайда болды сандық сақтау коалициясы ((digital Preservation Coalition, Англия мен Уэльсте тіркелген). Оның сайты цифрландыру процесіне де, кадрларды даярлау және әдістемелік әзірлемелерге арналған оқу бағдарламаларына да жүйелі және жан-жақты көзқарасты көрсетеді. Ол цифрлық технологияларды сақтауды жақтайды және оның мүшелерінің тиімді көшбасшылық, қауымдастықты тарту, мақсатты ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, жұмыс күшін оқыту және дамыту, әлеуетті арттыру, тиісті тәжірибелер мен стандарттар арқылы цифрлық мазмұн мен қызметтерге тұрақты ұзақ мерзімді

¹⁸ Jaillant L., Rees A. Applying AI to digital archives: trust, collaboration and shared professional ethics: мақала: «Digital Scholarship in the Humanities»

¹⁹ Sheridan J. «The Challenge of the Digital and Future Archive: Through the Lens of The National Archives UK», 3-бет.

²⁰ Archives for the 21st Century

қолжетімділікті қамтамасыз етуді жалғастыра алуын қамтамасыз етеді. Оның негізгі мақсаты - цифрлық материалды және онымен байланысты стратегиялық, мәдени және технологиялық мәселелерді сақтаудың маңыздылығы туралы білімді арттыру. 2005 жылдан бастап бұл ұйым тіпті digital Conservation Awards сандық табиғатты қорғау сыйлығын берді. Ол сондай-ақ 2007, 2010, 2012, 2014, 2016, 2018 және 2020 жылдары марапатталды, ол сандық мұраны сақтауға айтарлықтай және инновациялық үлес қосқан ұйымдар мен жеке тұлғаларға беріледі.

2002 жылдан 2007 жылға дейін үкіметтің бастамасы – "Онлайн Мәдениет" бағдарламасы іске қосылды²¹. Ол өнер мен мәдениетке қолжетімділікті арттыру үшін арнайы әзірленген және мәдениет, тарих, ағылшын және әдебиет, музыка, өнер және дизайн пәндері бойынша білім беру мақсатында мәдени саланың барлық қолжетімді ресурстары ұсынылатын платформа болды. Жұмыс қолда бар құжаттарды цифрландыру, сондай-ақ баспа немесе қолжазба түрінде аналогтары жоқ тек қана цифрлық материалдарды жасау бағытында жүргізілді. Мәдени ынтымақтастық, шын мәнінде, көпірлерді құруға арналған, әсіресе олар саяси жолмен бұзылған жерлерде. Қалай болғанда да, мұндай порталдардың тәжірибесін зерттеу отандық ұқсас немесе түбегейлі жаңа ресурстар жұмысының ажырамас бөлігі болуы керек.

Ұлыбританияның Ұлттық архиві біздің ғасырдың нөлдік жылдарынан бастап оның иелігіндегі архивтерді (1000 жылдан астам тарихы бар) электрондық форматқа көшіру және цифрлық каталогтау, азаматтарға қолда бар барлық өзекті және архивтік ресми құжаттарға онлайн-қолжетімділікке мүмкіндік беретін арнайы сайт құру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.²² Ол үшін 2009 жылдан бастап біртіндеп үш платформа құрылды: архивтік құжаттарды жариялау, жаңа және қолданыстағы құжаттар мен заңдарды жариялау, заң жобалары мен қабылданған заңдарды жариялау үшін электронды газет (The Gazette ресми басылымының 350 жылдан астам тарихы негізінде). Жыл сайын Ұлттық архив жаңа жиналыстар мен құжаттар топтамаларына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, 2013-2014 жылы 1770-1934 жылдар аралығында Англия мен Уэльстен 2,5 миллион тарихи құжаттар жинағына онлайн қол жетімділік ашылды. Жинақтар Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі әскери қызметке наразылық туралы

²¹ Васильев Г.Е. Цифровизация и культура: социально-экономическая развилка

²² Balogun T. «The nexus between digitalization, preservation and access in the context of selection of materials for archives»

құжаттардың электронды түрінде, Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі МИ 5 барлау басқармасының өте құпия материалдары пайда болды.

2015 жылдан бастап электрондық құжаттарды архивке әртүрлі ведомстволардан беру басталады, олар ашық қолжетімділікке қойыла бастайды. Осы жұмыс негізінде "Discovery" архивінің каталогы құрылады. Онда бастапқыда цифрлық форматта жасалған құжаттар ғана емес: электрондық пошта хабарламалары, ауқымды кестелер және т. б., сонымен қатар басқа материалдар, мысалы, Уэльс үкіметінің құжаттары, оның ішінде сандық және қағаз компоненттері ("гибрид жазбалар", аралас деректер), көптеген ұқсас материалдар бар. Ұлыбританияның Ұлттық архиві біртіндеп цифрлық ресми, тарихи құжаттардың барлық түрлерін пайдалану мен сақтаудың тиімді және сенімді алаңына айналды, архив жұмысы саласындағы цифрландырудың үйлестіруші және әдіснамалық орталығына айналды. Ол барлық архивтік ұйымдармен, қауымдастықтармен, қоғамдармен, мысалы, архивтер мен құжаттар қауымдастығы (ARA, Ұлыбритания және Ирландия), Preservica консультативтік органымен және құжаттарды басқару қоғамымен (IRMS) өзара әрекеттеседі, олармен архив тіпті цифрлық құжаттарды сақтау бойынша бірлескен оқу бағдарламасын әзірледі.

Ұлыбританияның Ұлттық архивінің цифрлық стратегия құжатында қойылған тағы бір мәселе - цифрлық деректердің сақталуы²³. Осыған байланысты: "цифрлық деректерді сақтаудың ұзақ мерзімді шешімі жоқ. Архивтер деректердің қол жетімді болуын қамтамасыз ету үшін қажетті инженерлік күш – жігерге технологиялық өзгерістердің ұрпақтары бойына инвестициялауды жалғастыру үшін институционалдық міндеттеме алуы мүмкін". Британдық кітапхана негізінде тағы бір үлкен сандық қойма құрылды. Ол әлемдегі ең үлкен жиналысқа ие - 150 миллионнан астам сақтау бірлігі және оны цифрландыру бойынша қарқынды жұмыс жүргізуде. Мазмұнның әртүрлі түрлері үшін әртүрлі порталдар жасалады. Осы цифрлық жоба бойынша шығындардың негізгі бөлігін Ставрос Ниаркос қоры өз мойнына алды. Шығындардың бір бөлігін "өнер және гуманитарлық ғылымдардағы цифрлық трансформациялар" жобасы аясында Өнер және гуманитарлық зерттеулер кеңесі көтереді. Ерекше құнды және сирек басылымдарды цифрлық форматқа көшіру үшін Британдық кітапхананың арнайы сайты құрылды: Digitised

²³ Strategic plan: Archives for everyone [электрондық ресурc] // GOV.UK. URL: <https://www.nationalarchives.gov.uk/about/our-role/plans-policies-performance-and-projects/our-plans/archives-for-everyone/>

Manuscript деп аталды. Бұл ресурста 900 грек қолжазбалары мен папирустарының барлық дерлік жинағы, Британдық Үндістанның қолжазбалар жинағы, Тай қолжазбалары және Тай билеушісі Чакрабонгсенің корольдік хат-хабарларының архиві, малай қолжазбалары, Сингапурдың алғашқы карталары, Томас Стэмфорд Рафлестің еңбектері, парсы қолжазбалары, С. Цвейгтің музыкалық қолжазбалар жинағы, 1000 жыл ішінде 2550 еврей қолжазбасы, үлкен және құнды коллекция бар.

Цифрлық форматта Британдық баспасөз архиві құрылды және іске қосылды, оның ішінде соңғы 300 жылдағы баспасөз жиектері бар және 65 миллионнан астам басылымдарды біріктіреді ²⁴(жұмыс 2011 жылы толығымен аяқталды). Бұл архив Brightsolid онлайн-баспасымен бірлесіп құрылған. Оксфорд университеті мен Ватикан өз қоймаларынан 1,5 миллионнан астам ежелгі мәтіндерді цифрландырды. Жұмыстың ерекше форматы - мұражайлар мен археологиялық орындарға виртуалды 3D сапарларын құру және өткізу. Ұлыбританияда Британ мұражайына виртуалды турлар бағдарламасы іске қосылды (мұражай қоры шамамен 8 млн. сақтау бірліктері, Лондон), Британдық Тейт галереясында (1500 жылдан бастап Британдық өнердің ең үлкен коллекциясымен, Лондон), Стоунхенджде (Уилтшир округіндегі археологиялық кешен) және басқа да ондаған орындарда. Әрине, барлық мұражай нысандары виртуалды танысу үшін қол жетімді бола бермейді, бірақ олардың ішіндегі ең қызықтысы Интернеттегі қол жетімділіктің арқасында осы танысу бағдарламаларына енгізілген. Көптеген британдық мұражайлар Google Art & Culture-мен бірлескен виртуалды экскурсия жобасымен қамтылған.

Қорытынды.

Қорыта келе, архивтерді цифрландыруда Ұлыбритания алдыңғы қатардағы озық ел екенін айтқым келеді. Архивтерді цифрландыруда Ұлыбритания көп бағдарламалар қабылдап, көптеген жұмыстар атқарды. Оның қатарына 7 бағыттан тұратын «Ұлыбританияның цифрлық стратегиясын» жатқызсақ болады. Сонымен қатар, Ұлыбританиядағы цифрландыру жұмыстарының озық үлгілі жемісі ретінде Ұлыбританияның Ұлттық архивін атап өтсек болады.

Ұлыбританияның Ұлттық архиві - әлемдегі бірнеше толық жұмыс істейтін сандық архивтердің бірі. Оның сандық жады үлкен көлемдегі деректерді сенімді түрде сақтай алады және оны іздеу және оған қол жеткізу discovery жобасы арқылы жүзеге асырылады, онда

²⁴ Cothey V., Pickavance C. Archives First: Digital preservation project

жазбалар бұрыннан орнатылған каталог стандарттарын қолдана отырып сипатталған сандық каталог ретінде көрсетіледі. Дегенмен, бұл архив әлі де физикалық жазбалар үшін әзірленген архивтік тәжірибелердің бұрыннан қалыптасқан жинағын цифрлық түрде имитациялайтын "бірінші буын" сандық архиві болып табылады.

Соған қоса, JISC бағдарламасы да айтарлықтай көлемде жұмыстар атқарды. Атап айтатын болсақ, Тәуелсіз теледидар жаңалықтарының видеоархиві, 1807-1937 жылдар аралығындағы демографиялық есеп, «Welcome Trust» медициналық жуналының архиві, 18 ғасырдағы парламенттік газеттер, Британ кітапханасының тарихи журналдар архиві мен аудиоархивтің бір бөлігін, Британ кітапханасының архивтік дыбысжазбалары, карикатуралардың Британ архиві, 1620-1900 жылдар аралығындағы Британ газеттері, 1915-1977 жылдар арасындағы Ұлыбритания министрлер кабинетінің құжаттары, тәуелсіз радио хабар таратушы компаниялардың радио жаңалықтарының архиві, Шығыс-Лондон театрының архиві, Арктика мен Антарктиканың фотосуреттерінің архиві сандық жүйеге көшірілді.

Осы орайда, Ұлыбритания тәжірибесін елдегі архивтерді сандық жүйеге көшіруде пайдалануды ұсынғым келеді. Нақтылап айтқанда, дәстүрлі құжаттарды электронды форматқа көшіру, электронды базаны құру және осыларды жүзеге асыру үшін стратегиялық бағдарламалар қабылдауды өз тәжірибемізге енгізу басты жаңалық болып отыр.

Әдебиеттер мен дереккөздер:

1. Гуцалов А.А. Опыт Великобритании в области цифровизации культуры: препринт : прикладные исследования и разработки. Краснодар, 2020. – 31 б.
2. Sheridan J. The Challenge of the Digital and Future Archive: Through the Lens of the National Archives UK: мақала. 2018. – 18 б.
3. Balogun T. The nexus between digitalization, preservation and access in the context of selection of materials for archives: мақала: University of Nebraska-Lincoln. 2018. – 16 б.
4. Argasinski K., Kuroczynski P. Preservation through Digitization - Standardization in Documentation of build cultural heritage using Capturing reality techniques and Heritage/Historic bim methodology: мақала. Флоренция, 2023. – 8 б.
5. Васильев Г.Е. Цифровизация и культура: социально-экономическая развилка: мақала: материалдар жинағы. Москва, 2020. – 163 -196 бб.

6. Пискун Г.А. Государственные стратегии дигитализации медиасферы Великобритании: «Digital Britain»: мақала. 2018.
7. Strategic plan: Archives for everyone [электрондық ресурс] // GOV.UK. URL: <https://www.nationalarchives.gov.uk/about/our-role/plans-policies-performance-and-projects/our-plans/archives-for-everyone/> (жүгінген күні: 02.11.2023)
8. Jaillant L., Rees A. Applying AI to digital archives: trust, collaboration and shared professional ethics: мақала: «Digital Scholarship in the Humanities» №32. 2023. – 571-585 бб.
9. Archives for the 21st Century: оқу құралы. Лондон. 2009. – 326.
10. Cothey V., Pickavance C. Archives First: Digital preservation project: мақала. 2017. – 57 б.

«КАК ПРЕКРАСЕН ЭТОТ МИР!»

В Государственном архиве г. Алматы состоялась выставка «Как прекрасен этот Мир!» и торжественная встреча посвященная 80 - летнему Юбилею фондообразователя и нашего коллеги Хайдарова Алима Хакимовича.

Хайдаров Алим Хакимович - фотограф – любитель, инженер - геолог, активный рационализатор, автор многих приборов и приспособлений, фондообразователь Государственного архива г. Алматы.





Хайдаров А.Х. поступил на работу в Казахский Научно-исследовательский гидрометеорологический институт в радиолокационную экспедицию отдела физики атмосферы. Работал начальником отряда, совершив множество экспедиций, в том числе в Якутию, Забайкалье, Восточный Памир, Киргизию, Джунгарию, Фергану, по Заилийскому Алатау. Участвовал в создании и изготовлении большинства экспериментальных установок, приборов, предназначенных для изучения свойств селевых смесей на Аксайской экспериментальной базе института. Участвовал в экспериментах, в том числе уникальных и пока не повторенных никем в мире по искусственному воспроизведению естественных селевых потоков под руководством Ю.Б. Виноградова на Чемолганском селевом полигоне КазНИГМИ.

Активный рационализатор и автор многих приборов и приспособлений. Среди них шурфометр, геодезический прибор для полуинструментальной съемки площади моренных озер, приспособление для бесконтактного и безопасного измерения уровня селевого потока. В документах личного фонда № 741 Хайдарова имеется множество уникальных документов, рукописи, грамоты, документы рационализаторской деятельности, отчеты экспедиционных обследований, карты.

Особый интерес среди документов представляют продовольственные и хлебные карточки 1945 года, мандат делегата партийной конференции 1951 г, билет Ударника строителя социализма № 43 Самитина Петра Ивановича за 1932 год, рукописные

грамоты, дипломы, удостоверения, почетные грамоты, очень интересен его авторский фотоальбом, всего в фонде Хайдарова девять фотоальбомов, каждый альбом требует к себе особого внимания.

На юбилейном мероприятии приняли участие председатель бардовского клуба «Тоника» Анатолий Кузьмич Белоусов, с супругой Галиной, КГН, СНС института географии, известный ученый – селевик Киренская Татьяна Леонидовна, фотограф, блогер, преподаватель КазНУ Борис Тасов, отличник народного образования, ветеран труда, ведущий методист по обучению немецкому языку Ирина Петровна Хайдарова-Самитина, известный топограф, председатель фотоклуба Алатау Гаяз Салимович Мухамеджанов, один из самых востребованных скульпторов, мастер станковой, монументальной, мемориальной и парковой скульптуры Павел Иванович Шорохов, фотокорреспондент, пресс-секретарь Алатинского зоопарка, историк зоопарка, известнейший фотограф г. Алматы Михаил Владимирович Сорокоумов.



«АЛМАТЫДАН АСТАНАҒА»



Алматы қаласы Мәдениет басқармасының «Алматы қаласының Мемлекеттік архиві» КММ және Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Астана қаласының мемлекеттік архиві» ММ бірлесе отырып «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 6 шілдедегі №106-ХІІІ Қаулысына 30 жыл толуына орай «АЛМАТЫДАН АСТАНАҒА» тақырыбында онлайн дөңгелек үстел отырысын өткізді.

Іс-шараға Алматы қаласының Мемлекеттік архивінің директоры Ботанов Абзал Қабдолбаритұлы, Астана қаласының мемлекеттік архивінің директоры Бимолдин Жангелді Бержанұлы, Қазақстан Республикасының КФҚДЖ ОМА директорының орынбасары, т.ғ.к Сатаева Сәуле Амантайқызы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің профессоры, т.ғ.д. Алпысбаева Ғалия Айтбайқызы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Шығыстану кафедрасының Қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к. Ильясова Күлпаш Мырзамұратқызы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, т.ғ.д. Мусабалина Гүлнар Төлеуғазықызы, Астана қаласының мемлекеттік архивінің Ғылыми зерттеу және ақпараттық-түсіндіру жұмысы қызметінің басшысы Исахан Ғазиза Тұрмағанбетқызы, Астана қаласының мемлекеттік архивінің ғылыми-методикалық кеңестің мүшелері Бағдатова Сәуле, Ильясова Күлпаш және Алматы қаласының Мемлекеттік архивінің қызметкерлері қатысты.

Дөңгелек-үстел отырысы барысында, Алматы қаласының Мемлекеттік архивінің директоры Ботанов Абзал Қабдолбаритұлы мен Астана қаласының мемлекеттік архивінің директоры Бимолдин Жангелді Бержанұлы және онлайн-кездесудің қатысушылары Ел ордасы Астана қаласының тарихи маңыздылығын тілге тиек етті.

«КОНСТИТУЦИЯ ЕЛІМІЗДІҢ ЕГЕМЕНДІГІН АЙҒАҚТАЙТЫН ҚҰЖАТ»

Осыдан 29 жыл бұрын 30-тамызда Қазақстан халқы тарихи шешім қабылдап, еліміздің ата заңы бекітілген. Қай елдің болмасын тұрмыс тіршілігі қандайда бір заң аясында реттелетіні сөзсіз. Осы орайда, елдің берекесі мен бірлігін сақтайтын заң қабылданып, аз уақыттың ішінде Қазақстанның Ата-Заңы заман талабына лайықты екендігін дәлелдеді. 1995 жылы қабылданған қазіргі қолданыстағы Конституциямыз бұл – заңнамалық норма немесе ережелер жинағы ғана емес қоғамдағы барлық қарым-қатынастарды реттейтін заңдардан бастау алатын Ата Заңымыз!

29 тамызда «30 тамыз Қазақстан Республикасының Конституция күніне» орай «Алматы қаласының Мемлекеттік архиві» КММ-сі мен «Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ-сінің бірлесіп ұйымдастырылған «Конституция еліміздің егемендігін айғақтайтын құжат» атты дөңгелек үстел отырысы өтті.

Іс-шараға екі архивтің қызметкерлері қатысты. Іс-шараның басты мақсаты мемлекетіміздің негізгі Заңы Конституцияның тарихы мен баптарын архив ұжымы мен жас архив мамандарына насихаттау.

Мерекелік отырыс Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранымен ашылып, құттықтау сөзі «Алматы қаласының мемлекеттік архиві» КММ директоры Ботанов Абзал Қабдолбаритұлына берілді.

Азаттығымызды айғақтайтын айтулы күнге арналған іс-шара барысында Алматы облысының мемлекеттік архивінің оқу залының меңгерушісі Шалбаева Гүлмира, Құжаттарды пайдалану және ғылыми – анықтамалық аппарат бөлімінің маманы Қаржауова Фарида, Алматы қаласының Мемлекеттік архивінің Құжаттарды ғылыми пайдалану және жариялау бөлімінің басшысы Баданбекова Алтынай Сақанқызы және аталған бөлімнің маманы Серіккан Малика баяндамалар оқып, ғасырлар бойы қазақ жерінде болған заңдар тарихына тоқталып өтті.

Кездесу соңында Алматы қаласының Мемлекеттік архивінің директоры Ботанов Абзал Қабдолбаритұлы мерекелік шараға қатысқан әріптестер Алматы облысының мемлекеттік архивінің қызметкерлеріне өз алғысын білдірді.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

6 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын қолдап және насихаттау мақсатында Алматы қаласы мәслихатының депутаты, «АМАНАТ» партиясының фракция мүшесі Бекенова Гүлжан Мырзалықызы мен «АМАНАТ» партиясының Алатау филиалының төрайымы Алдамбергенова Жарқынгүл Алдамбергенқызы мен Алматы қаласының Мемлекеттік архив ұжымының кездесуі өтті.

Архив қызметкерлерінің алдында Алматы қаласы мәслихатының депутаты, «АМАНАТ» партиясының фракция мүшесі Бекенова Гүлжан Мырзалықызы өз сөзінде, Жолдауда қоғам дамуының барлық негізгі мәселелері көрсетілгенін, қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсарту, білім беру, денсаулық сақтау, бизнесті қолдау шаралары туралы бағыттар көрсетілгенін атап өтті.

Кездесу барысында қатысушылар өзара пікір алмасып, Мемлекет басшысының Жолдауындағы еліміздің алдағы кезеңге арналған дамуының негізгі 9 бағыты туралы ойларын ортаға салды. Әсіресе, әлеуметтік салаға, әскердегі заңдылық пен тәртіптің сақталуына, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді.

Баяндамашылар Мемлекет басшысының республика азаматтарының кірісін арттыру және әділетті Қазақстан құру туралы мәлімдемесіндегі басты мақсатқа тоқталып, Жолдауда қозғалған барлық бағыттар талқыланды.



«РАДОСТЬ ОБРЕЛ Я В ИСКУССТВЕ»



12 октября в Государственном архиве города Алматы состоялось торжественное открытие 45-ой персональной фотовыставки «Радость обрел я в искусстве» посвященной 90-летию фотографа-художника международного клуба «Медео» Владимира Шургаева.

В 1962 году молодой художник впервые принял участие в региональной выставке и с тех пор постоянно выставляется. В его архиве тысячи уникальных кадров.

Разглядывая снимки Владимира Михайловича, невольно переносишься в прошлое. В каждом кадре - застывшие мгновения истории не только Алматы, но и Семей, Темиртау, Караганды и других городов нашей страны. Родом он из Владикавказа. В Казахстан в первый раз попал в 1961 году, когда со стройпоездом приехал помогать строить Сурганский элеватор в Целиноградской области. Его фотографии тогда напечатала районная газета. В Алматы перебрался в 1966 году.

На выставке «Радость обрел я в искусстве» представлены 90 своеобразных и ярких работ фотографа. Среди которых есть раритетные фотографии Алма-Аты в разные периоды ее жизни. Автор представил ретроснимки и пиксельные фотографии, живопись. Особое внимание привлекли именно пиксельные работы. Среди выставленных работ были кадры с особой историей, например, снимок Юрия Гагарина, стоящего на трибуне Мавзолея в Москве и фотография - портрет рижского фотографа Яниса Глейдза.

На открытии выставки присутствовали известный алматинский фотограф, профессор искусствоведения Валерий Дмитриевич Коренчук; автор проекта социального клуба “Шыңға өрлеу” Булат Абишев; учредитель ОФ “Жетісу күші”, директор новостного портала “AlmaLife”, член попечительского Совета Центра социальных услуг «Аяла» Асия Абитаева, фотографы Виталий Исигов, Игорь Горбунов, а также коллеги по фотоискусству.

Гостям выставки Владимир Михайлович с удовольствием рассказал про свои работы, вспомнил истории, связанные с ними.

«АРХИВ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ҰРПАҚ»

20 күркүйекте «Архив және болашақ ұрпақ» жобасының тұжырымдамасына сәйкес Алматы қаласының Мемлекеттік архивінде «Архив және болашақ ұрпақ» республикалық ашық есік күні өтті.

Іс-шараның салтанатты ашылу рәсіміне «Жетісу күші» Қоғамдық қорының құрылтайшысы Әсия Әбитаева, «Шыңға өрлеу» әлеуметтік жобаның авторы Булат Абишев, Алматы қаласы Алатау ауданының «№178 мамандандырылған лицей», Әуезов ауданының «№42 жалпы білім беретін мектеп», «Шерхан Есенгелдин атындағы №104 орта мектеп», «Ахмет Байтұрсынов атындағы №139 мектеп-гимназиясы», «№113 мектеп-гимназиясы» КММ оқушылары, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Архив – ғасырлар бойы сақталған тарих пен қазіргі және болашақты байланыстыратын маңызды платформа. Қазіргі таңда Республикамыздың мемлекеттік архивтерінде жастарға арналған көптеген іс-шаралар өткізіледі. Бұл жобаның басты мақсаты мен негізгі идеясы - өскелең ұрпақтың Отанға деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімдерін арттырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу және архив құжаттарының қоғамға үлкен пайдасы бар екенін түсіндіру. Мұндай іс-шара республика көлемінде осымен үшінші жыл ұйымдастырылып келеді.

Шараға қатысушыларға Ұлттық архив қорының қалай толықтырылатыны, құжаттардың қабылдануы, олардың цифрландыру, қалпына келтіріліп өңдеу жұмыстары мен жаңа технологиялармен жабдықталған лабораторияның қызметі көрсетілді.

Сонымен қатар, балалардың назарына архивтік құжаттар негізінде дайындалған «Архив тынысы» атты бейнежазба мен көрме ұсынылып, архивтің атқаратын жұмысымен таныстыру барысында архив қоймалары мен көрме залдарына «Архив әлеміне саяхат» атты экскурсия жүргізілді.

Ашық есік күні - мектеп оқушылары мен жоғарғы оқу орындарының студенттері өз армандарына бір қадам жақындап, болашақта мамандық таңдаудағы мақсаттарын жүзеге асыру жолдарымен танысты.

Архивтегі іс-шараға оқушылар мен студенттердің қатысуын қамтамасыз еткен мекемелер ұжымына Архив директоры Ботанов Абзал Қабдолбаритұлы алғыс білдіріп, архив құжаттарының негізінде жарық көрген басылымдарды сыйға тартты.

Ашық есік күніне архивке 145- тен астам бала келді.



«АЛМАТЫНЫҢ ТАРИХЫ: АРХИВТЕР МЕН ЕСТЕЛІКТЕР»

27 қыркүйекте «Қала күні-2024» мерекесі қарсаңында, Алматы қаласы бойынша қылмыстық – атқару жүйесі департаментіне қарасты № 13 мекеме басшылығының арнайы шақыртуымен бас бостандығынан айырылғандар үшін Алматы қаласының Мемлекеттік архивінің қызметкерлері «Алматының тарихы: архивтер мен естеліктер» атты жылжымалы көрме ұйымдастырды.

Көрменің мақсаты: түзету мекемесіндегі сотталғандарға тәрбие жұмысын жүргізу, олардың қоғаммен байланысын жалғастыру, адам бойындағы ізгілік, мейірімділік қасиеттерін және түзету мекемесінен кейінгі бостандықтағы өмірге қажетті дағдылар қалыптастыру.

«Алматының тарихы: архивтер мен естеліктер» жылжымалы көрмеге Алматы қаласының Мемлекеттік архивінде мемлекеттік сақтаудағы тарихи құнды құжаттар және Алматының тарихы бейнеленген ретро фотосуреттер мен кітаптар қойылды. Сонымен қатар, қаланың құрылу тарихы, Алматы қаласының қалыптасуының негізгі кезеңдері, сондай-ақ 19 ғасырдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі әртүрлі уақыт кезеңдердегі сәулет құрылыстары көрсетілді.

Көрмені Құжаттарды ғылыми пайдалану және жариялау бөлімінің басшысы Баданбекова Алтынай Сақанқызы таныстырып, Алматы қаласының Мемлекеттік архивінің құрылымы, қызметі және қазіргі кезде архивтің қоғам үшін маңызды жұмыс атқаратыны туралы ақпарат берді.

Көрмеге қатысушы тарап архив қызметкерлеріне қала тарихына байланысты сұрақтар қойып, толыққанды жауап алды. Сотталғандар көрмеге қойылған фотосуреттерді тамашалап, архив қызметімен танысуға мүмкіндік алды.

Алматы қаласы бойынша қылмыстық – атқару жүйесі департаментіне қарасты № 13 мекемесінің сотталғандар арасында тәрбие және әлеуметтік-психологиялық жұмысы бөлімінің бастығы Әділет майоры Калималданова Сымбат Ермекқызы жылжымалы көрме ұйымдастырған Архив қызметкерлеріне алғысын білдірді.



«МЕНИҢ МАМАНДЫҒЫМ-МЕНИҢ БОЛАШАҒЫМ»



Алматы қаласының Мемлекеттік архивінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Тарих» факультеті студенттерімен «Менің мамандығым-менің болашағым» тақырыбында кездесу өтті.

Жоғарғы оқу орындарымен тығыз байланыстағы архив қызметкерлері жас тарихшы, архив ісі мамандарына архивтің жұмысы жайлы толық ақпарат ұсынып, архив қоймалары мен көрме залдарына экскурсия ұйымдастырды.

Топ кураторы, доцент Нұрпейісова Бақыт Еслямбекқызы архив мамандарын даярлау барысындағы күрделі мәселелерге тоқталып, болашақ тарихшылардың архив құжаттарымен жұмыс жасауының қызықты да тиімді тұстарын атап өтті. Тарих ғылымдарының кандидаты Нұрзипа Көмешбайқызы Алпысбаева архившілер мен құжаттанушылар дайындаудағы тәжірибелер мен бағыттар жайлы ой бөлісті.



ТӨЛЕН ҚАУПЫНБАЕВТЫҢ ЖЕКЕ ҚОРЫ АШЫЛДЫ

22 қазан күні Алматы қаласының Мемлекеттік архивінің директоры Ботанов Абзал Кабдолбаритұлы мен «TAMOS Education физика-математика мектебі» білім беру ұйымы мен TAMOS Education оқу орталығының негізін қалаушы және бас директоры Қаупынбаев Дәурен Төленұлы жазушы-журналист Төлен Қаупынбаевтың жеке тек қорын ашу мақсатында екіжақты келісімшартқа қол қойды.



Келісім-шарт нәтижесінде Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың және Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының екі мәрте иегері, жазушы-журналист Төлен Қаупынбайұлының құжаттары архив қорына тапсырылды.

Төлен Қаупынбайұлы 1938 жылдың 6 мамырда Алматы облысына қарасты Райымбек ауданындағы Қаратоған ауылында дүниеге келген.

1958 жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының ағылшын факультетіне түсіп, 1965 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің филология факультетін бітірді. Жас журналист өзінің қызмет жолын «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Ауыл» газеттерінде бастап, кейін «Парасат», «Жұлдыз» журналдарында, «Жазушы» және «Қазақстан» баспаларында жалғастырады.

Жазушының алғашқы туындылары 1956 жылдан бастап республикалық басылымдарда жариялып, қазіргі таңда республика жұртшылығына кеңінен танымал. Қаламгердің «Жазира» (1972), «Шұғыла» (1979), «Ашылмаған аралдар» (1976), «Кең құлаш» (1989), «Нан мен тер» (1991), «Бауыржан батырға барғанда» (2000) деп аталатын көркем очерктері мен эссе кітаптары, «Маруся асуы», «Бетегелі бел» дейтін әңгімелер мен повестер жинақтары, «Қабан жырау» (1993), «Бабалар аманаты» (1996), «Албан», «Суарылған семсерлер» (1999), «Батыр баба Әлмерек» деп аталатын тарихи тақырыптағы кітаптары, «Киелі керуен» (1999), «Аққу саздары» (2001), «Қыран тағдыр» (2003), «Тұлға» (2004) атты роман, повестері жарық көріп, 2024 жылы үш тілдегі «Райымбек батыр» кітабының тұсауы кесіліп, өз оқырманы бар шығармалар қатарында.

«ҰРПАҚТАР ТАРИХЫ – САБАҚТАСТЫҚ ТАРИХЫ»

24 қазанда Алматы қаласының Мемлекеттік архивінде «25 қазан-Республика күні» Ұлттық мерекесі және Алматы қаласының Шоқан Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназия мен Ілияс Есенберлин атындағы №25 мектеп-гимназияға 100 жыл толуына орай, «Жетісу күші» Қоғамдық қорымен бірлескен «Ұрпақтар тарихы – сабақтастық тарихы» атты Workshop кездесу кеші өтті.


Кездесуге дәстүр бойынша ұстаздар мен оқушылар құрамы ғана емес, сонымен қатар белгілі тұлғалар да қатысты. Олар: Францияның Алматыдағы Бас консулы Фабрис Неве, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласындағы өкілдігінің Саяси ынтымақтастық басқармасының басшысы Аренова Алмаша, Қазақстандық скрипкашы, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты, дипломанты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Аида Кәрімқызы Аюпова, «Жетісу күші» Қоғамдық қорының құрушысы Абитаева Асия Опапбекқызы, «Шыңға өрлеу» әлеуметтік жобаның авторы Абишев Булат Эркебланұлы, І. Есенберлин атындағы №25 мектеп-гимназияның директоры Аманбай Ғазиза Абдықалыққызы және Ш. Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназияның өкілдері қатысты.

Кездесу кеші екі ұрпақтың диалог алаңына айналды. Биылғы жылы 100-жылдық мерейтойларын Республика көлемінде атап өтетін мерейтой иелері өздерінің білім ордалары жайлы баяндамалар оқып, мектептің даму тарихымен таныстырды. Шоқан Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназияның оқушылары мектептің мақтанарлық тұлғалардың қатарында: К. Байсейітова, Ә. Қастеев, А. Тоқпанов, Н. Тілендиев, С. Мұхамеджанов, Ә. Бейсеуов, М. Сағатов; мемлекет қайраткері Қ. Сарыбай, Ш. Беркімбаева, К. Айманов, М. Әшім, Ж. Айтжанова және басқа да көптеген танымал тұлғалар болғандығын атап өтті. Ілияс Есенберлин атындағы №25 мектеп-гимназиясының оқушылары 1969 жылғы тұлғалар жасаған «Уақыт капсуласы» ашылғандығы туралы айтып, гимназияның тарихы мен басшылары туралы мәліметтерден дайындалған слайд көрсетті.

Workshop кездесудің қорытынды бөлімінде Алматы қаласының Мемлекеттік архивінің директоры Ботанов Абзал Кабдолбаритұлы кездесу қатысушыларын мерекемен құттықтап, Алғыс хаттар табыстады.



ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШАНХАЙ ПРОВИНЦИЯСЫ МУНИЦИПАЛДЫ АРХИВІНІҢ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ



31 қазанда Алматы қаласының Мемлекеттік архивіне Қытай Халық Республикасының Шанхай провинциясы муниципалды архивінің Архив құжаттарын жинақтау және зерттеу департаментінің директоры **Ши Лэй** мырза бастаған делегация келді.

Делегация құрамында Шанхай муниципалды архивінің Саясат және ережелер жөніндегі директоры **Лю Хунбин** мырза, Мансаптық бағдарлау департамент директорының орынбасары **Тянь Цян** мырза, Архивтану ғылымы және технология департамент директорының орынбасары **Ван Вэй** ханым, Архив құжаттарын сақтау департамент директорының орынбасары **Лю Ютунг** ханым және Архивтік каталог департамент директорының орынбасары **Цицзюнь** мырза да бар.


Шетелдік әріптестерді Алматы қаласының Мемлекеттік архивінің директоры Абзал Қабдолбаритұлы Ботанов қарсы алды.

Кездесу барысында қонақтарға Алматы қаласының архиві туралы ақпарат беріліп, архив ғимараты мен құжат қоймаларына экскурсия жүргізілді. Сонымен қатар, архивтің оқу залының жұмысы және архивтік құжаттарды цифрландыру мен құжаттарды қалпына келтіру процесстері таныстырылды.

Кездесуге қатысқан тараптар екі мемлекеттің архив ісі саласындағы өзара байланыстың маңыздылығы мен қажеттілігін атап өтіп, сондай-ақ болашақта жемісті және жан-жақты ынтымақтастықты қолдап, екі елдің архивтер арасында Меморандум жасаудың маңыздылығы туралы айтты.

Қытай дереккөздерінде Қазақстан тарихын зерттеуге елеулі үлес қосатын тарихи құнды құжаттар сақталуда. Жалпы Қытай елінің жазба тарихы тым тереңде жатыр. Қытай архивтерінде кешегі сақ-үйсін дәуірінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі жалпы қазаққа қатысты бар тарих күнбе күн жазылып қойған.

Еліміздің тарихын зерттеп, шынайы рухани жаңғыруды жүзеге асыру үшін, сол ұзақ уақыт бойы сақталған тарих беттерін Қазақстан архившілері ашулары тиіс.



«ҒАСЫР МЕКТЕБІ»

23 қарашада Алматыда Республика сарайында Шоқан Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназияның 100 жылдық мерей тойы тойланды.

Шежірелі білім ордасы кезінде Алматы қаласындағы балаларды қазақ тілінде оқытқан бірден-бір мекеме. Өткен ғасырдағы ана тіліміздің тағдыры осы 12-ші мектеп-гимназияның тарихымен тығыз байланысты болған. Мектептің ұстаздары заманның қиындығына қарамастан, ұлттық педагогиканың дәстүрін сақтап қалуға және ел мүддесіне қызмет еткен зиялы қауымның тұтас буынын тәрбиелеуге зор үлес қосты. Гимназияның мыңдаған түлегі елімізді өркендету жолында тынымсыз тер төкті.


Республика сарайында «Ғасыр мектебі» атты мерекелік концерт пен тарихи құжаттық көрме ұйымдастырылды. Мерекелік іс шараға қала әкімі Ерболат Досаев, Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрі Ғани Бейсембаев және мектептің ардагер ұстаздары мен түлектері қатысты.

Өткен мерейтойлық іс-шараға мектептің әр жылдардағы түлектері, халқымыздың мақтанышына айналған біртуар тұлғалар да құрметті қонақтардың қатарында болды.

100-жылдық мерейтойға Алматы қаласының Мемлекеттік архиві де өз үлесін қосты. Архивтегі мемлекеттік сақтаудағы құжаттар негізінде бір ғасыр тарихы бар білім ордасына қатысты «Ғасыр мектебі» атты жылжымалы көрме ұйымдастырылып, аталған көрме «Кеше. Бүгін. Ертең» ұранымен ұрпақтар сабақтастығына айналды. Мектеп тарихына арналған көрме гимназияның қалыптасу кезеңдерін ғана емес, сонымен қатар Алматы қаласының орта білім беру жүйесінің даму тарихынан да сыр шертті.

Көрмеде 1924 жылы алғашқы аймақтық тәжірибелі-көрнекі ретінде құрылған Республикамыздың алғашқы білім ордаларының бірі №12-мектептің өмірі мен тарихынан сыр-шертетін 40-тан астам құнды құжаттар көпшіліктің назарына ұсынылды.

Мерекелік іс-шараға қатысқан көпшілік құжаттық көрмеге үлкен қызығушылық танытты.



«БАҚЫТЖАН ӘБІШЕВ МҮСІНДЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚИ ДҮНИЕТАНЫМ»

26 қарашада Алматы қаласының Мемлекеттік архивінде Қазақстанның көрнекті суретші-мүсіншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының иегері, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Т. Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясының профессоры, Қазақстан өнер академиясының академигі Бақытжан Әлімбайұлы Әбішевтің «Бақытжан Әбішев мүсіндеріндегі қазақи дүниетаным» атты көрме бұрышы ашылды.

Іс-шараны Алматы қаласының Мемлекеттік архивінің директоры Ботанов Абзал Кабдолбаритұлы ашты. Көрменің ашылу рәсіміне Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының ректоры Арман Әділханұлы Жүдебаев, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі Берекет Кәрібаев, өнертанушы, Қазақстан Республикасының Суретшілер одағы мен Қазақстан Республикасының Журналистер одағының мүшесі Жұмағұлова Мария Төлегенқызы, суретші, Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының Кескіндеме, мүсін және дизайн факультетінің деканы, профессор Бауыржан Нұрбекұлы және мүсіншінің жұбайы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Шәмшәгүл Мендиярова мен ұл-қызы қатысты.

Көрме бұрышының лентасын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының ректоры Арман Әділханұлы Жүдебаев пен Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі Берекет Кәрібаев қиды.

Көрмеге мүсіншінің қоладан және мрамордан жасалған «Наташа» 1979 ж., «Би» 2000 ж., «Тоқтар Әубәкіров» 2004 ж., «Мұстафа Кемаль Ататүрік» 2008 ж., «Құрылтай», «Анамның портреті», «Палуандар» 2010 ж., «Пішімбаев» 2011 ж., «Кенен Әзірбаев» 2013 ж., «Роза Бағланова» 2015 ж., сынды 10 мүсіні қойылды.



«КҮЛКІ - ӨМІРДІҢ КІЛТІ»



28 қарашада Алматы қаласының Мемлекеттік архивінде Қазақстан Республикасының Халық әртісі, Мәжіліс депутаты, Бүкілодақтық эстрада әртістерінің лауреаты, «Тамаша» ойын-сауық отауының тарланы, қазақ өнерінің ірі тұлғасы, сахна шебері, ұлағатты ұстаз, театр және кино актёры, көрнекті қоғам қайраткері, архивтің қорқұрушысы Сұлтанбаев Құдайберген Тәуекелұлының «Күлкі – өмірдің кілті» атты көрме-бұрышы ашылды.

Іс-шараны Алматы қаласы әкімдігінің Әдеп жөніндегі уәкілі Ахетов Мамай Қаниұлы ашты. Көрменің салтанатты ашылу рәсіміне Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстан және КСРО Халық әртісі, КСРО және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Қазақстан театрлар ассоциациясының президенті, театр педагогы, профессор, архивтің қорқұрушысы Асанәлі Әшімов, Қазақстан Республикасының Ерекше тапсырмалар бойынша Елші – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласы өкілдігінің Басшысы Әбдрашов Жәнібек Жарасқан-ұлы, Кино және театр актеры, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Болат Әбділманов, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі Бахтияр Тайлақбаев, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Жеңіс Ысқақова, ақын Шөмішбай Сариевтің жары Жұмагүл Сариева, Құдайберген Сұлтанбаевтың жары Дәкен Сұлтанбаева және басқа да қоғам қайраткерлері мен өнер иелері қатысты.

Көрме-бұрышының лентасын Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстан және КСРО Халық әртісі, КСРО және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Қазақстан театрлар ассоциациясының президенті, театр педагогы, профессор Асанәлі Әшімов пен Алматы қаласы әкімдігінің Әдеп жөніндегі уәкілі Ахетов Мамай Қаниұлы қиды.

«Күлкі өмірдің – кілті» атты көрме-бұрышына өнер иесінің жеке құжаттары мен қолданған заттары, кітаптары, алған ордендері мен марапаттары, өз қолымен жасаған карикатуралары мен шарждары қойылды.



«ОТАНЫМ ҮШІН ЖАНЫМ САДАҒА»

6 желтоқсанда Алматы қаласының Мемлекеттік архивінде Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік комитеті және Қазақстан Республикасының Қорғаныс саласының ардагері, Халық Қаһарманы, Алматы қаласының Құрметті азаматы, Алматы қаласының Мемлекеттік архивінің қорқұрушысы, генерал-полковник СӘТ БЕСІМБАЙҰЛЫ ТОҚПАҚБАЕВТЫҢ «ОТАНЫМ ҮШІН ЖАНЫМ САДАҒА» атты көрме-бұрышы ашылды.

Көрменің салтанатты ашылу рәсіміне «Генералдар Кеңесі» Республикалық қоғамдық бірлестігі Президиумының Төраға орынбасары, генерал-майор Шаймұрат Шаукетұлы Отарбаев, Генерал-лейтенант Алик Шпекбаев, Қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының Мәжілісінің төрт дүркін депутаты Тұрарбек Асанов, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы, генерал-майор Хайролла Мәметайұлы Нишанбаев, Қазақстанның мемлекет және саяси қайраткері, Саясаттану ғылымдарының докторы Ахан Құсайынұлы Бижанов, «Қазақстан Республикасы ҰҚК Академиясының басшысы, Саясаттану ғылымдарының кандидаты, Заң ғылымдарының докторы, генерал-майор Ахат Ғаббасұлы Мұқашев, Ғалым, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген дәрігер Орынбай Дайырбеков, Қазақстанның мемлекет және саясат қайраткері Талғат Мамашев, Ауған соғысының ардагері, Оңтүстік өңірден келген бауыры Орынбасар Лештаев, Сәт Бесімбайұлының жары ақын, жазушы, журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткер, халықаралық және республикалық әдеби байқаулардың жүлдегері Сәуле Досжан және басқа да қоғам қайраткерлері мен әскери тұлғалар қатысты.

«ОТАНЫМ ҮШІН ЖАНЫМ САДАҒА» көрме-бұрышының лентасын «Генералдар Кеңесі» Республикалық қоғамдық бірлестігі Президиумының Төраға орынбасары, генерал-майор Шаймұрат Шаукетұлы Отарбаев пен көрме-бұрыштың иесі генерал-полковник Сәт Тоқпақбаев қиды.

«ОТАНЫМ ҮШІН ЖАНЫМ САДАҒА» көрме-бұрышына Мемлекет және қоғам қайраткері Сәт Бесімбайұлы Тоқпақбаевтың «Даңқ» (1997 ж.) III- дәрежелі «Барыс» (2008 ж.), I-дәрежелі «Барыс» (2008 ж.), «Отан» ордендері, «Халық Қаһарманы» атағы, «Алтын Жұлдыз» айрықша ерекшелік белгісі, Құрмет грамоталары, «Алтын Адам» «Жыл адамы» сыйлығы және жеке заттары қойылды.



22 ЖЕЛТОҚСАН – АРХИВШІЛЕР КҮНІ»

22 желтоқсан, ел тарихын сақтап, ұрпаққа мұра етіп қалдыруға зор үлес қосып жүрген архившілердің төл мерекесі.

1998 жылы осы күні «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заң қабылданды. Бұл Заң елімізде архив ісінің қалыптасуына және оның дамуына ықпал етті. Еліміздің тарихы мен тарихи құндылықтарын сақтау-болашақ ұрпақ үшін жауапты, әрі маңызды миссия.

Архив қызметкерлері - тарихымыздың тамыры мен ел игілігіндегі құндылықтарды аса байыппен сақтап, асыл мұраны болашақ ұрпаққа жеткізуде қажырлы еңбек етіп келеді.

Архившілердің кәсіби мерекесінің қарсаңында Алматы қаласының Мемлекеттік архивінде «Архившілер күніне» орай салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Мерекелік іс-шарада Алматы қаласы Мәдениет басқармасының өкілі Мария Оразмұхаметқызы Тұрмұхаметова мен Архив директоры Абзал Қабдолбаритұлы Ботанов құжаттардың сапалы сақталуын қамтамасыз етіп, өз жұмысына адал Архив қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтады.

Марапаттау рәсімінде, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі Аида Ғалымқызы Балаеваның атынан Құрмет Грамоталары және Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Айдарұлы Майлибавтың атынан Алғыс хаттар мен гүл шоқтары табысталды.

Сонымен қатар, архив саласында ұзақ жылдар еңбек еткен Гүлмира Жұмаділқызы Шойбекова «Архив саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

«АМАНАТ» партиясының Алатау аудандық филиалының өкілі Ақшолпан Рахатқызы Тугумбаева Партия атынан бірнеше архившілерді Алғыс хаттармен марапаттады.

Құрметті әріптестер!

Кәсіби төл мерекемен барша архившілер қауымын құттықтай отырып, шығармашылық шабыт, кәсіби табыстар мен отбасыларыңызға амандық тілейміз! Архившілер күні құтты болсын!



«НАШИ ФОНДЫ ПОПОЛНЯЮТСЯ...»

Одним из направлений работы государственных архивов является пополнение документами Национального архивного фонда Республики Казахстан. Государственный архив города Алматы осуществляет работу по приему документов в соответствии с планом-графиком, а также в случае ликвидации организации - источника комплектования.

В связи с истечением ведомственного хранения в 2024 году на государственное хранение были приняты документы:

РГУ «Департамент юстиции города Алматы» Министерства юстиции Республики Казахстан, 2016-2017 гг. (фонд № 270)

КГУ «Управление земельных отношении города Алматы», 2016-2020 гг. (фонд № 679)

ГУ «Прокуратура Ауэзовского района города Алматы», 2013-2018 гг. (фонд № 255)

ГУ «Прокуратура города Алматы», 2010-2016 гг. (фонд № 22)

«Сүлеймен Демирел атындағы мектеп-интернат-колледжі», 2011-2019 гг. (фонд № 838)

КГКП «Алматинский колледж строительства и народных промыслов» Управления образования г. Алматы, 2001-2018 гг (фонд № 839)

ГКП на ПХВ «Центр детской неотложной медицинской помощи» Управления здравоохранения г. Алматы, 1990-2018 гг. (фонд 537)

Алматинский городской суд, 1996-2000 гг. (фонд № 70)

Л/Ф Колокольникова Е.М., фотоальбом за 1931-1985 гг. (383)

АО «Эксимбанк», 2004-2023 гг. (фонд № 754)

ТОО «Газета «Алматы Акшамы»», 2015-2019 гг. (фонд № 658)

ТОО «Газета «Вечерний Алматы»», 2013-2019 гг. (фонд № 807)

ГУ «Прокуратура города Алматы», 2019-2021 гг. (фонд № 22)

Алматинский филиал АО «Национальный центр экспертизы и сертификации», 1998-2015 гг. (фонд №400)

КГУ «Аппарат акима г. Алматы», 2016-2020 гг. (фонд № 363)

ГКП на ПХВ «Городской центр крови», 2016-2018 гг. (фонд №655)

Отдел записи актов гражданского состояния Алма-Атинского городского отдела записей гражданского состояния, 1939-1948 гг. (фонд №287)

ГКП на ПХВ «Межрайонный противотуберкулезный диспансер» Управления здравоохранения г. Алматы, 2013-2016 гг. (фонд №739)

КГУ «Управление жилищной политики города Алматы», 2005-2019 гг. (фонд №608)

КГКП «Высокогорный спортивный комплекс «Медеу»» Управления физической культуры и спорта г. Алматы, 1972-2014 гг. (фонд №844)

Алматинский филиал РГКП «Центр судебной экспертизы Министерства юстиции Республики Казахстан», 2009-2016 гг. (фонд № 472)

На основании письма с обоснованием невозможности ведомственного хранения, осуществлён дополнительный приём документов:

Прокуратура Ауэзовского района города Алматы, 2018-2020 гг. (фонд №255)

Прокуратура Медеуского района города Алматы, 2011-2021 гг. (фонд №171)

В связи с ликвидацией и прекращением деятельности осуществлён приём документов:

Общественный фонд «Фонд Ержана Татишева», 2005-2012 гг. (фонд № 1269)

ТОО «Эл Си Трейд», 1999-2021 гг. (фонд № 1270)

Филиал компании «KAZ Minerals Projects B.V» в Республике Казахстан, 2011-2022 гг. (фонд № 1271)

Представительство «3 M (East) AG Rotkreuz/Switzerland»

Алматинский филиал компании «ЕРМ ЕВРАЗИЯ ЛИМИТЕД», 2006-2015 (фонд № 1273)

Представительство Общества с ограниченной ответственностью «Джонсон&Джонсон» в Казахстане, 2011-2023 гг. (фонд №1274)

ТОО «u Credit (юкредит)», 2016-2023 гг. (фонд № 1275)

ТОО «LT-TRADE», 2016-2024 гг. (фонд №1276)

Потребительский кооператив «Школьный ИЖС», 2018-2023 гг. (фонд №1277)

Потребительский кооператив «Садоводческое товарищество «Место под солнцем-2»», 2017-2024 гг. (фонд №1278)

Представительство Общества с ограниченной ответственности «Вайдмюллер» в Республике Казахстан, 2013-2022 гг. (фонд №1279)

Филиал АО «Джонсон Контролс» в городе Алматы Республики Казахстан, 2008-2023 гг. (фонд №1280)

ТОО «Глобус», 1997-2022 гг. (фонд №1281)

Государственным архивом была проведена экспертиза ценности документов личного происхождения и открыты новые фонды:

Л/ф поэта, мастера словесного состязания, писателя, журналиста, члена Союза писателей Казахстана Жакыпбекова Есенкула Серикбайулы. (фонд № 840)

Л/ф экс-председателя КНБ Республики Казахстан, начальника Службы охраны Президента Республики Казахстан, военачальника Республиканской Гвардии, экс-министра обороны Республики Казахстан, Советника Первого Президента Республики Казахстан, депутата Парламента Республики Казахстан, генерал-полковника Токпакбаева Сат Бесимбайулы. (фонд № 841)

Л/ф государственного и общественного деятеля, актера кино и театра, театрального педагога, профессора, Народного артиста Республики Казахстан Султанбаева Кудайбергена Тауекеловича. (фонд № 842)

Л/ф сценариста, кинорежиссера, этнографа, члена Союза Кинематографистов Казахстана Абенова Калдыбая Торгайулы. (фонд № 843)

Л/ф доктора медицинских наук, профессора кафедры психиатрии, психотерапии и наркологии Казахского научно-медицинского университета имени С. Асфендиярова, главного психиатра Министерства здравоохранения Республики Казахстан Кудьяровой Галии Махметовны. (фонд № 723)

Л/ф ученого, зоолога, основателя зоологических наук Казахстана Селевина Виктора Алексеевича. (фонд № 337)

Л/ф художника-оформителя, альпиниста, заслуженного мастера спорта СССР, ветерана Великой Отечественной войны Колокольникова Евгения Михайловича. (фонд № 383)

Для получения государственной услуги по выдаче архивных справок физические и юридические лица могут обратиться с официальным запросом в КГУ «Государственный архив города Алматы», Некоммерческое акционерное общество "Государственная корпорация "Правительство для граждан, либо через веб-портал "электронного правительства" www.egov.kz и веб-портал «e-archive.gov.kz».

А Р Х И В Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ақпараттық-әдістемелік басылым

№ 2 (35) / 2024

Алматы қаласының архив қызметі

**Вестник архивной службы города Алматы
«Архив хабаршысы»**

Басуға қол қойылды

Офсеттік баспа

Қаріп түрі «Times New Roman»

«Алматы қаласы Мемлекеттік архиві» КММ:

050038, Алматы қаласы, Ақбұлақ ықш. ауданы, Шуланов көшесі, 159.

Тел: +7(272) 398-85-26, 398-85-27, 398-85-31

e-mail: cgaa2015@yandex.ru

сайты: <https://ga-almaty.kz>

Таралымы 30 дана